

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытында
білім беретін бағдарламалар әзірлеу бойынша әдістемелік
ұсынымдар**

**Методические рекомендации по разработке
образовательных программ туристско-краеведческого
направления дополнительного образования**

Астана, 2016

Қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытында білім беретін бағдарламалар әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана қ., 2016 жыл – 144 бет.

Методические рекомендации по разработке образовательных программ туристско-краеведческого направления дополнительного образования – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерство образования и науки Республики Казахстан – г. Астана, 2016 год – 144 стр.

Қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытының білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, білім беру ұйымдарындағы туристік-өлкетану қызметінің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді білім беру бағдарламаларын оқыту процестерін құру кезеңдерін қамтиды. Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру ұйымының оқыту процесін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету қағидаттары ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге бағытталған. Әдістемелік ұсынымдарда туристік-өлкетану қызметінің білім беру бағдарламаларын әзірлеудің тәжірибесі, оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістері ұсынылған.

Ұсынылып отырған материал қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне, ата-аналарға арналған.

Методические рекомендации по разработке образовательных программ туристско-краеведческого направления дополнительного образования содержат этапы построения процессов обучения долгосрочных и краткосрочных образовательных программ туристско-краеведческой деятельности в организациях образования с учетом новых социально-экономических условий. Представлены принципы программно-методического обеспечения обучающегося процесса организаций дополнительного образования туристско-краеведческого направления.

Методические рекомендации направлены на самостоятельную разработку образовательных программ по туристско-краеведческому направлению дополнительного образования детей. В Методических рекомендациях представлен опыт по разработке образовательных программ туристско-краеведческой деятельности, приемы и методы организации учебно-воспитательного процесса.

Предлагаемый материал адресован руководителям и педагогам организаций образования, реализующих программы дополнительного образования, родителям.

*ҚР БжҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК оқу-әдістемелік кеңесі ұсынады
(2016 жылғы 5 мамырдағы № 2 хаттама)*

*Рекомендовано Учебно-методическим советом
РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования»
(протокол от 5 мая 2016 года №2)*

*©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2016
©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2016*

Мазмұны

	Кіріспе	4
1.	Туристік-өлкетану бағыты	7
2.	Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі	9
3.	Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының үлгілік жобалары	19
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	69

Содержание

	Введение	72
1.	Туристско-краеведческое направление	75
2.	Методика разработки образовательных программ туристско-краеведческого направления дополнительного образования детей	77
3.	Примерные проекты образовательных программ по туристско-краеведческому направлению дополнительного образования детей	87
	Список использованных источников	142

Кіріспе

Қазақстанда қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты елді ұзақ мерзімді перспективада инновациялық дамытудың айтарлықтай құрамдас бөлігі болып табылады.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы мен «Ұрпақ +» жобасын іске асыру жағдайында елімізде балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың тиімді моделін жасау жеке тұлғаның үйлесімді дамуын, қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыруды, азаматтық сәйкестік пен толеранттылық мәдениетін қамтамасыз ететін барынша тиімді білім беру технологияларының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында Балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері (бұдан әрі – Тұжырымдамалық тәсілдер) «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!», «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауларында Мемлекет басшысы алға қойған кезекті міндеттерді шешу аясында әзірленді.

Тұжырымдамалық тәсілдерде мемлекеттік саясаттың балалар мен жастар үшін аса маңызды стратегиясы, мақсаты мен міндеттері, жорықтар, саяхаттар, экспедициялар, экскурсиялар мен клуб жұмыстары арқылы мектеп оқушыларын туристік-өлкетану қызметіне тарту айқындалды және ішкі туризмді дамытудың басымдықтары ескеріле отырып, құрастырылды. Мемлекет туристік саланы дамыту жөніндегі алға қойылған міндеттер шеңберінде ішкі туризмді басым дамытуды ескере отырып, негізгі бағыттардың бірі осы процеске өсіп келе жатқан ұрпақты кеңінен тарту арқылы туризмнің белсенді түрлерін дамыту болып табылады.

Туристік-өлкетану бағытында қосымша білім беру балалар мен жасөспірімдердің өзгермелі өмірде жеке-басты және кәсіби тұрғыдан өзін өзі айқындауын, сондай-ақ әлеуметтік өмірді ұйымдастырудың жаңа нысандарын жасауға қосылуын қамтамасыз ететін заманауи технологияларды меңгеруіне негізделеді. Қазіргі қосымша білім беруді ұйымдастырудың оқытумен қатар негізгі міндеті мектеп оқушыларын тәрбиелеу, тұрақты дамуға және өмірде өз орнын сәтті табуға қабілетті жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Туризм тәрбие жұмысының басқа нысандарынан бөлек, балалардың өзін өзі шынайы басқаруы және өзіне өзі қызмет ету арқылы барлық міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Жорықтарда турист балалар ұжымының толық жеке өмір сүруінің бірегей жағдайлары құрылады, олар ұжым мен оның жекелеген мүшелерін шешімдер қабылдай отырып және өз бетінше әрекет ете

отырып, жағдайды дербес бағалау шарасыздығының алдына қояды. Туристік-өлкетану жұмысын жүйелі түрде жүргізу ішкі туризмді өсірудің күшті ынталандырушысы болып табылады.

Қазіргі уақытта республикада туристік-өлкетану бағытымен қамту жалпы оқушылар санының 2,8%-ын құрайды. Туристік-өлкетану білім беру қызметін 35 жас туристер станциялары мен орталықтары жүзеге асырады, оларға 19 532 оқушы қатысады. Жалпы білім беру мектептерінің туристік-өлкетану үйірмелері мен бірлестіктерінде – 40 448 оқушы, балалар шығармашылығы сарайлары мен орталықтарында 7-ден 17-ге дейінгі жастағы 18 094 оқушы қатысады.

Туристік-өлкетану қызметін (бұдан әрі - ТӨҚ) көпшілікке танымал ету үшін туристік-өлкетану бағытындағы аудандық, облыстық және республикалық жарыстар, слеттер мен байқаулар өткізіліп тұрады. Мұндай іс-шараларды өткізу балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, берік мүдделері мен ерте кәсіби бағдарлануын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектеп оқушыларының «Менің Отаным – Қазақстан» атты туристік-өлкетану экспедициясы шеңберінде жыл сайын ондаған жаяу, шаңғы, су, велосипед жорықтары, әртүрлі бағдарлар бойынша экспедициялар мен экскурсиялар өткізіледі, оларға мыңдаған жас туристер мен олардың ересек тәлімгерлері қатысады. Спорттық, өлкетану, сауықтыру туризмі, экология, геология саласында сан алуан жарыстар, турнирлер, слеттер мен өзге де акциялар өткізіледі.

Туристік-өлкетану қызметінің едәуір мол әртүрлі нысандарын Батыс Қазақстан облысының Балалар-жасөспірімдер туризмі мен экология орталығы жинақтады. 1960 жылы құрылған орталық қазіргі уақытта Қазақстандағы осы саладағы жетекші ұйымдардың біріне айналып отыр. Орталық жанында Мәскеу халықаралық балалар-жасөспірімдер туризмі мен өлкетануы академиясының қазақстандық бөлімшесі, «Балалар даму академиясы» қоғамдық бірлестігі, «Этюд» бейнелеу студиясы жұмыс істейді. Орталық базасында республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шараларды өткізіп тұру тамаша дәстүрге айналды. Оқушылардың «Жайық - Орал» су экспедициясы ерекше танымалдылыққа ие болды. Өткен уақыт ішінде үгіт-насихат акциясынан өзінің жүйесі мен құрылымы бар кешенді туристік-экологиялық экспедицияға түрленді, Батыс Қазақстанның, сол сияқты Оралға жақын орналасқан Ресейдің басқа өңірлерінің де көптеген жастарын біріктіретін экологиялық қозғалыстың діңгегіне айналды. Бұл іс-шараның бағдарламасына «Малые реки Приуралья» экологиялық-өлкетану экспедициясы, «Таза ауыл» («Чистое село»), «Зеленый парус Приуралья», «Посади свое дерево, турист» акциялары, бердинг

(спорттық орнитология) бойынша жарыстар және «БҚО табиғатының ескерткіштері» экологиялық экспедициясы кіреді.

Павлодар облысының «Экотуризм және өлкетану» орталығы базасында «Менің Отаным - Қазақстан» туристік жобасы табысты іске асырылуда. Аталған орталықтың оқу процесі өлкетану жұмысындағы жоғары жеке және командалық нәтижелерге, сондай-ақ туристік-спорттық дағдыларға қол жеткізуіне бағытталған.

Осылайша, туристік-өлкетану қызметі бала тұлғасының жан-жақты дамуына ықпал етеді, оның зияткерлік, рухани және тәндік дамуын жетілдіруге бағытталған, туған өлкені зерделеуге, дербес жұмыстың дағдыларын үйренуге ықпал етеді, экскурсиялар, жорықтар, туристік экспедициялар мен басқа да саяхат түрлерін ұйымдастырады. Мысалы, балалар-жасөспірімдер туризмі жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей моделі, барынша тиімді сауықтыру технологияларының бірі және табиғатпен тілдесу, белсенді демалыс пен айналысатын істі ұйымдастыру арқылы адамның салауатты өмір салтын қалыптастыруға, табиғатта өзін ұстай білу мәдениетін дамытуға, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыптылықпен қарауға, туған өлкені іс жүзінде танып-білуге, сондай-ақ әлеуметтік бейімделуге, кәсіптік бағдарлануға, азаматтылық пен отансүйгіштікке ықпал ететін спорттың қолжетімді ең көпшілік сауықтыру түрлерінің бірі болып табылады, оның өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі мемлекеттік маңызы зор.

1. Туристік-өлкетану бағыты

Туристік-өлкетану қызметі – бұл белгілі бір талаптар жиынтығы сәйкес келуі тиіс кәсіптік қызметтің ерекше түрі. Қазіргі заманғы туризм нарығы туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыруға деген жаңа көзқарасты талап етеді. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес туристік қызметті мемлекеттік реттеудің басым бағыттары ішкі, кірме және әлеуметтік туризмді реттеу және қолдау болып табылады.

Туристік-өлкетану теориясының пайда болуы – әр жерлердегі он мыңдаған педагогтер мен әдіскерлердің белсенді танымдық қызметінің нәтижесі, олардың практикасының жинақталуы. Елімізде туристік-өлкетану қызметін дамыту теориялық және әдістемелік негіздерді әзірлеуді талап етті. 70-ші жылдардың соңына қарай туристік-өлкетану қызметі: теория, әдістеме, практика деген негізгі бөліктерді айқындады. Жалпыланған ережелер жиынтығын білдіре отырып, теория жаңа ғылым – өлкетанудың пайда болуының алғышарттарын туғызады. Туристік-өлкетану қызметін дамыту үшін Б.В. Емельянов, Г.Р. Потаев, Т.А. Федорцов, Т.В. Ишекова, М.П. Анциферов, М.М. Илюхин, А. Бакушинский, И. Зорин, О.Г. Лютерович және т.б. сияқты әдістеме саласындағы шетелдік және қазақстандық ғалымдардың іргелі және қолданбалы ғылыми еңбектері маңызды болып табылады.

Туристік-өлкетану қызметін дамыту барысында оның мазмұны өзгертілді, жүргізу әдістемесі жетілдірілді. Белгілі бір уақыт ішінде дамытудың күрделі жолынан өте отырып, туристік-өлкетану қызметі қазіргі уақытта үлкен танымдық, тәриелеу, насихаттау рөлін орындайтын білім беру процесінің маңызды буыны болып табылады. Қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілер Г.Т. Хайруллин, А.А. Бейсенбаева, А.А. Сайыпов, М.С. Молдабекова, Н.Д. Хмель, Н.Н. Ханның еңбектеріне сүйене отырып, туристік-өлкетану бағытының қосымша білім беру моделі психологиялық-педагогикалық ғылымда белгілі кәсіптік-педагогикалық қызметті модельдеу тәсілдерімен айқындалады. Қосымша білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімшелері қызметінің мақсаттары, функцияларын, ұйымдастырылуы мен бағытын, сондай-ақ туристік-өлкетану бағытын перспективалы дамытудың міндеттерін шешуге бағытталған ситуативті шығармашыл топтардың жиынтығын қамтитын, білім алушылардың туристік-өлкетану қызметін тиімді басқарудың ұйымдастыру-педагогикалық моделі. Туристік-өлкетану қызметі жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей моделі болып табылады, оның барысында педагогикалық жұмыс дұрыс жолға қойылған жағдайда жеке тұлғаның бойында тәрбиелеудің патриоттық, ізгілік, еңбектік, эстетикалық,

тәндік, экологиялық, зияткерлік сияқты барлық негізгі қырлары бірігеді, зерттеу, іздеу әрекетінің дағдылары қалыптасады, шығармашылық қабілеттері іске асырылады, баланың ерте жастан өзін өзі тануы, өзін өзі жетілдіруі және әлеуметтенуі үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Туристік-өлкетану қызметінің құрылымы барынша күрделі, бірнеше жіктеу белгілеріне бөлінеді. Күрделілігі жұмыс нысандары мен әдістерінің көптүрлілігімен, туристік-өлкетану жұмысының өзара іс-қимылының қажеттігі мен мүмкіндіктеріне негізделеді. Туристік-өлкетану қызметі белгілі бір топтарға бөлінеді, практикада шартты сипатқа ие, алайда ұйымның қызметі үшін маңызы өте зор. Туристік-өлкетану қызметін дұрыс жіктеу педагогтің балалармен жұмысын үздік ұйымдастыру жағдайларын қамтамасыз етеді, мамандануды жеңілдетеді, әдістемелік секциялар қызметі үшін негіз қалайды. Туристік-өлкетану бағытында қосымша білім берудің жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде білімнің жекелеген салаларының жетістіктері толыққанды әрі нысаналы түрде пайдаланылады. Мазмұны бойынша туристік-өлкетану жұмысы көпжоспарлы және тақырыптық деп бөлінеді.

Туристік-өлкетану қызметі дербес қызмет, сол сияқты туристік көрсетілетін қызметтер кешенінің бөлігі болып табылады. Қазіргі жағдайларда аса тартымды объектілер деп табиғи туынды жетістіктері саналады. Бұл экологиялық тұрғыдан әуелгі жаратылысындағы жерлерге деген қызығушылықтың шапшаңдап өсуінің әлемдік үрдістерімен, оларды көрудің жоғары эмоциялық және эстетикалық қанығушылықпен, сондай-ақ әрбір табиғи объектінің бірегейлігімен және қайталанбайтындығымен түсіндіріледі. Қазақстанда туризмді дамыту, мамандардың пікірінше, тікелей жаңа технологияларды енгізу есебінен жүргізілуі тиіс. Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі туризмнің дамуын талдау мына өңірлер бойынша елімізде оның алуан түрінің тарауына қатысты тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

Оңтүстік Қазақстан. Экологиялық. Тау. Бүркітпен аң аулау. Велотуризм. Туристік-өлкетану. Тарихи және қажылық. Альпинизм.

Солтүстік Қазақстан. Экологиялық. Шаңғы. Жаяу. Туристік-өлкетану.

Орталық Қазақстан. Экологиялық. Туристік-өлкетану. Су. Спелеологиялық. Тарихи.

Шығыс Қазақстан. Экологиялық. Тау. Туристік-өлкетану. Су, рафтинг. Туристік-өлкетану.

Батыс Қазақстан. Экологиялық. Су. Жаяу. Туристік-өлкетану. Тарихи.

Жалпы, қазіргі заманғы туризм индустриясын дамыту шеңберінде туристік-өлкетану қызметін жетілдіру пайдаланылатын объектілер әлеуетінің регламенті, оны кеңейту, әдіснамалық базаны жетілдіру және кадрлар дайындау саласындағы проблемаларды шешуді талап етеді. Барлық осы іс-қимылдар туристік-өлкетану жұмысының көрсетілетін қызметтерінің сапасын арттыруға бағытталуы тиіс.

Осылайша, туристік-өлкетану жұмысы қоршаған әлемді танудың мақсатты, кешенді процесін білдіреді. Бұл процесс табиғи, техногенді немесе антропогенді жағдайлардағы, алдын ала таңдалып алынған объектілерді пайдаланумен және білікті педагог маманның жетекшілік етуімен алдын ала айқындалған тақырыпқа сәйкес жүргізіледі. Туристік-өлкетану қызметі барысында педагог білім алушыларға объектілер мен процестерді зерттеуге көмектеседі, оның негізінде тақырып ашылады, қажетті ақпаратты жинауға, дербес мониторингтің практикалық дағдыларын игеруіне көмектеседі. Туристік-өлкетану қызметін ұйымдастырудың әрбір нысаны – нақты мақсаты бар бағытты іс-қимылдар жиынтығы. Қатысушылардың демографиялық құрамы ескеріле отырып, түрлері, тақырыбы бойынша туристік-өлкетану жұмысының мақсатқа бағытталған сипаты көп тармақты бағыттарда жүзеге асырылады.

2. Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты бойынша беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесі

Білім беру жүйесінің қазіргі заманғы реформалары балаларға қосымша білім беру ұйымдарының мәртебесі мен функцияларын түбегейлі өзгертті. Осыған байланысты әдістемелік жұмысқа жоғары талаптар қойыла бастады.

Әдістемелік жұмыстың басты мақсаты педагогтерге практикалық көмек көрсетуде, шеберлігін арттыруда, жеке басты мәдениетін дамытуда және жаңа тиімді оқу-тәрбиелеу технологияларын белсенді игеруге бағытталған шығармашылық әлеуетін күшейтуде көмек көрсету және білім беру сапасын арттыру болып табылады.

Әдістемелік жұмыс – балаларға қосымша білім беру қызметінің басты элементтерінің бірі. Қосымша білім беру педагогінің қызметін әдістемелік қамтамасыз етудің іске асыру мүмкін емес.

Педагогтермен жүргізілетін әдістемелік жұмыс жемісті болуы үшін ол жүйелі, мақсатты, жоспарлы және проблемаға бағдарланған сипатта болуы тиіс, сондай-ақ оқу-тәрбиелеу процесіне қатысушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, сондай-ақ әдістемелік мониторингті жүзеге асыру процесінде анықталған

проблемаларды ескере отырып, диагностикалық-талдамалық негізде құрылуы тиіс.

Қызмет түрі ретінде әдістемелік қамтамасыз ету – әдістемелік өнімнің сан алуан түрін жасауға, педагогикалық жұмыскерлердің әртүрлі санаттарына әдістемелік көмек көрсетуге, өзіндік оң зерттеу тәжірибесін анықтау, зерделеу, жалпылау, қалыптастыру және таратуға бағытталған процесс. Одан әрі мына міндеттерді шешу болжанады.

Оқыту: балалар мен жасөспірімдерді зерттеу жұмысын талдауды, жазуды және ұсынуды орындау алгоритмдеріне оқыту; білімдерін кеңейту, дербес практикалық қызмет тәжірибесін алу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Дамыту: білім алушылардың шығармашылық, танымдық және жасампаздық белсенділігін дамыту; білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың іс-әрекеттің әртүрлі түрлерінде өзін өзі дамытуы үшін жағдайлар жасаумен байланысты жекебасты әлеуетін күшейту.

Тәрбиелеу: білім алушыларды зияткерлік-танымдық процестер, шығармашылық белсенділігін дамыту және қолдау арқылы іздестіру-зерттеу қызметіне тарту; балалардың саламатты өмір салтын қалыптастыру; туристік-өлкетану қызметінің алуан түрлі нысандары мен әдістерін пайдалану кезінде білім алушылардың танымдық, ғылыми, көркемдік, эстетикалық қызығушылығын дамыту.

Әдістемелік қызмет нысандары:

Күндізгі және қашықтықтан оқу нысандарында біліктілік арттыру курстары; теориялық семинарлар; вебинарлар; семинар-практикумдар; жарыссөздер, пікірсайыстар («дөңгелек үстел», диалог-дау, дебат, форум және т.б.); «іскери ойындар», рөлдік ойындар, имитация-сабақтар, панорама-сабақтар; заманауи жаңа әдістемелерді, технологияларды талқылау; жекелеген ашық сабақтарды, іс-шараларды талқылау; балаларды диагностикалау әдістерін талқылау; көрмелер; есептер; байқаулар және т.б.

Аталған ұсынымдарда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Білім беру бағдарламасы – оқу-тақырыптық жоспар, бағдарламаның мазмұны, сондай-ақ бағалау және әдістемелік материалдар түрінде ұсынылған білім берудің негізгі сипаттамаларының (көлем, мазмұн, жоспарланатын нәтижелер), ұйымдастыру-педагогикалық талаптары мен аттестаттау нысандарының кешені.

Білім берудің бағыты – білім беру бағдарламасының пәндік-тақырыптық мазмұнын айқындайтын білімдердің және (немесе) қызмет түрлерінің нақты салаларына бағытталуы, білім алушылар қызметінің

басым түрлері және білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар.

Электрондық оқыту – деректер қорында және білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде пайдаланылатын ақпаратты және оның өңделуін қамтамасыз ететін ақпараттық технологияларды, техникалық құралдарды, сондай-ақ байланыс тораптары бойынша көрсетілген ақпараттың берілуін қамтамасыз ететін ақпараттық-технологиялық желілерді қолдана отырып, білім беру қызметін ұйымдастыру, білім алушылар мен педагогикалық жұмыскерлердің өзара іс-қимылы.

Қашықтықтан білім беру технологиялары – негізінен білім алушылар мен педагогтердің жанама (алыстан) өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-телекоммуникациялық желілер қолданыла отырып, іске асырылатын білім беру технологиялары.

Әдістемелік жұмыс әртүрлі құралдармен, оның ішінде консультация берумен, нұсқаулықпен, қажетті өніммен қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Тақырыптық консультация зерделеніп отырған мәселені тереңінен, жан-жақты қарауға, тақырыптың мәнін толық ашуға мүмкіндік береді. Әдетте, тақырыптық консультацияларды әдіскерлер алдын ала жоспарлайды және перспективалық жоспарлауға енгізеді. Тақырыптық консультациялар оқыту семинарларының бағдарламасына енгізілуі мүмкін. Тақырыптық консультацияға дайындық кезінде әдіскер көрнекі құралдармен, әдістемелік материалмен жасақталады. Ағымдағы консультация — педагогтердің кәсіптік қызметі барысында туындайтын әртүрлі мәселелер бойынша жүйелі түрде жүргізіледі.

Әдістемелік нұсқаулық әдіскердің педагогтермен бірлесе отырып, бірлескен шығармашылық қызметтің перспективалы және тікелей мақсаттарын нақты айқындап алуын білдіреді, әдіскер білім беру қызметін ұйымдастырудың кезеңдері мен тәртібін белгілейді, білім беру және шығармашылық қызметтің нәтижелілігінің өлшемшарттары мен көрсеткіштерін әзірлейді, жұмыс бағдарламалары мен жоспарларын қадағалайды, олардың орындалуына талдау жүргізеді.

Ұйымдастыру-әдістемелік өнімдеріне мыналар жатады:

әдістемелік ұсынымдар – оқу-әдістемелік басылым, мазмұны, практикаға оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістері мен нысандарын енгізуге ықпал ететін қысқа және нақты құрастырылған ұсынымдар мен нұсқамалар кешені. Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім беру қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша педагогтердің үздік тәжірибесін зерделеудің, жалпылаудың және насихаттаудың негізінде әзірленеді. Сондай-ақ ұжымға, педагогке олардың қызметінің

талаптары мен ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық тәжірибеге қол жеткізуге негізделген шешімдер әзірлеуде көмек көрсету үшін жасалады.

нұсқамалық-әдістемелік хат Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құжатынан туындайтын нұсқаулар мен түсіндірмелерді қамтиды: педагог пен ұжымның шешімдерді орындау жөніндегі функциялары мен қызметтері шеңберін айқындайды.

әдістемелік жазбахат барынша қысқа баяндалған әдістемелік материалдарға түсініктемелер береді. Әдістемелік жазбахат мынадай сұрақтарға жауап береді: осы әдістемелік жұмыспен қандай міндеттер шешіледі; ол кімге арналған; әдістемелік жұмыс қандай құжаттардың, фактілердің негізінде жасалған; материалды баяндау жүйесі қандай.

әдістемелік жаднама қандай да бір операциялардың немесе қандай да бір функциялардың орындалуы туралы ең қысқа да нұсқа мәліметтерді қамтиды.

Әдістемелік қызмет мерзімділігімен; ақпаратпен; адресатпен; инновациялық әлеуетпен; функционалдық бағытымен сипатталатын әдістемелік өнім түрінде ресімделеді.

Ұйымдастыру-нұсқамалық өнім – білім беру процесінің технологиялары мен әдістемесін, іс-шаралар, акциялар өткізуді ұсынады, көрсетеді, іс-қимылының мақсаты мен тәртібін түсіндіреді, көпшілік істерді ұйымдастырудың ықтимал амалдары мен нысандарын көрсетеді.

Ақпараттық әдістемелік өнім: әдістемелік сипаттама, аннотация, ақпараттық плакат, ақпараттық-әдістемелік көрме, реферат. Әдістемелік өнімнің бұл түрі таратуға жататын мәліметтерді, педагогикалық технологиялардың тәсілдері мен әдістерін түсіндіруді, тәжірибесін талдауды, сипаттамасын қамтиды, ағымдағы оқиғалардан, педагогикалық қызметтің барынша маңызды әрі өзекті бағыттарынан хабардар етеді.

Әдістемелік сипаттама жүргізілген тәрбиелеу ісінің, көрген оқиғаның немесе оны өткізу құралының таралуға жататын мәліметтерін қамтиды. Көбіне хабарлама бірінші тұлғаның өзінен шығады, жеке әсер алу, сезімдер қоса жүреді. Әдістемелік сипаттамаға қойылатын талап – оқиғаны, әрекетті егжей-тегжейлі сипаттау және түсіндіру.

Аннотация – бұл әдістемелік құрал, әзірleme мәнінің, мазмұнының және басты ерекшеліктерінің, автор туралы мәліметтердің қысқаша баяндамасы. Аннотация осы материалдың бағытын ашады. Онда осы әдістемелік жұмысты кім және қайда пайдаланатыны міндетті түрде көрсетіледі. Әдістемелік қызметте аннотация жеке аттестациядан өтуге дайындық кезінде де өзін өзі дамыту үшін қолданылады.

Ақпараттық плакат адамдардың көпшілік бөлігіне болайын деп тұрған кез келген түрдегі оқиғамен немесе оларды өткізу қорытындысымен танысуға мүмкіндік береді. Әдетте, ол жаппай көруге арналған, сондықтан плакаттың көлемі, ресімделуі осыған сай болуы тиіс.

Ақпараттық-әдістемелік көрме әдістемелік әдебиетпен (оның ішінде жұмыс тәжірибесінен) танысу және оны насихаттау мақсатында ұйымдастырылады. Көрме қандай да бір педагогикалық ұжымның немесе педагогтің жұмыс тәжірибесі туралы әңгімелей отырып, белгілі бір тақырыпқа арналуы мүмкін, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік және педагогикалық әдебиеттің жаңалықтарымен таныстыруы мүмкін.

Реферат – бұл бір немесе бірнеше кітаптың, мақаланың, ғылыми жұмыстардың мазмұнының жазбаша нысанда қысқаша баяндалуы немесе дереккөздердің қысқаша шолуы. Бұл белгілі бір тақырып үстіндегі тереңдетілген дербес жұмыстың қорытындысы. Реферат автордың қаралып отырған проблемаға көзқарасын, жинақталған нәтижелік тәжірибесін көрсетуі тиіс.

Әдістемелік тақырып – бұл белгілі бір проблеманың әдістемелік аспектілерін зерделеумен және әзірлеумен байланысты нақты бағыт, әдістемелік зерттеу нысанасы. Әдістемелік тақырыпты таңдау әдіскерлердің, педагогтердің жұмысы мен практикалық тәжірибесінің ерекшелігіне, өзара іс-қимыл субъектілерінің қажеттіліктеріне негізделген.

Әдістемелік әзірleme – бұл оқытудың нысандарын, құралдарын, әдістерін ашатын құрал, заманауи педагогикалық технологиялардың элементтері немесе бағдарламаны оқыту, тұтас курсты оқыту тақырыбына қатысты оқыту мен тәрбиелеу технологияларының өзі. Әдістемелік әзірleme жеке, сол сияқты ұжымдық жұмыс болуы да мүмкін.

Әдістемелік әзірlemeге белгілі бір талаптар қойылады. Сондықтан оны жазуды бастамас бұрын әзірlemenің тақырыбын таңдауға мұқият қарау керек:

әдістемелік әзірlemenің өзектілігін, мақсатын, міндеттерін айқындау;

таңдалған тақырып бойынша әдеби көздерді, әдістемелік құралдарды, оң педагогикалық тәжірибелерді мұқият зерделеу;

әдістемелік әзірlemenің жоспарын құру және құрылымын айқындау;

алда тұрған жұмыстың бағыттарын айқындау.

Туристік-өлкетану бағытындағы оқыту бағдарламаларының әдістемелік әзірlemесі жүргізудің әртүрлі нысандарын пайдалануды көздейді: экскурсиялар, өлкетанудағы байқаулар, бір-көпкүндік,

дәрежелі және санатты туристік жорықтар, экспедициялар, дәрістер, әңгімелер, консультациялар, форумдар, конференциялар, слёттар, дөңгелек үстелдер, кештер, қызықты адамдармен, зерделенетін оқиғалар мен құбылыстарға қатысушылармен және оны көргендермен кездесулер, практикалық дербес шығармашылық тапсырмалар, ғылыми зерттеулер, мұражайлардағы, мұрағаттардағы, кітапханалардағы, ғылыми-зерттеу, университет және басқа ұйымдардағы жұмыс, жеке және топтық сабақтар.

Қызмет нысаны қолданылатын әдіске және әдістемелік тәсілдерге байланысты. Мысалы: әңгіме, дербес жұмыс, кітаппен жұмыс, бейнефильм қарау және т.б.

Қызметті ұйымдастыру тәсілдері: ұжымдық; жаппай; топтық; жұптық; жеке.

Туристік-өлкетану бағыты бойынша бағдарлама балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы білім беру процесінің мазмұнын, ұйымдастырушылық және әдістемелік ерекшеліктерін айқындайды. Сондай-ақ оқушылар мен жастарды өзінің шағын отанын жан-жақты зерделеуге, өңірлік мәдени дәстүрлер мен салттарды жаңғыртуға, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени және табиғи мұрасын сақтауға тартуға мүмкіндік береді. Әдістемелік ұсынымдар мен әзірлемелердің мазмұнында ерекше регламенттелген құрылым болмайды және еркін түрде баяндалуы мүмкін.

Тақырыптық бағдарламалар бір тақырыпты ашуға арналуы мүмкін және табиғаттану, тарихи, сәулеттік, өндірістік және т.б. бөлінеді. Осы топтардың әрқайсысында мазмұнына қарай кіші топтар болады, мысалы туристік-өлкетану объектісі әртүрлі тақырыптық бағдарламалардың объектісі болуы мүмкін.

Объективті жағдайларға қарай бағдарламаға жекелеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Білім беру бағдарламасын ресімдеу кезінде оған титулдық парақты, аннотацияны; автор немесе авторлар туралы мәліметтерді; түсіндірме жазбаны; мазмұнын; пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер тізімін; қосымшаларды қосу ұсынылады.

Титулдық парақта жоғарыдан төмен қарай бағыныстылығымен ұйымның атауы; автордың тегі, аты және әкесінің аты; әдістемелік өнімнің түрі көрсетіле отырып, жұмыстың атауы; басылған мекенжайы мен жылы көрсетіледі. Титулдық парақ құжатты өңдеу мен іздеу үшін қажетті ақпарат көзі болып табылады.

Аннотация қаралатын мәселелер; осы әдістемелік нұсқаулықтар мен әзірлемелердің бағыты; нұсқаулықтар мен әзірлемелердің негізіне алынған практикалық тәжірибе көзі туралы; педагогикалық

жұмыскерлердің басқа білім беру ұйымдарының тәжірибесін пайдалану мүмкіндігі туралы қысқаша мәліметті қамтиды.

Түсіндірме жазба. Түсіндірме жазбада осы әдістемелік ұсынымдарды әзірлеудің өзектілігіне негіздеме беріледі, ұсынылатын әдістемелік ұсынымдарды құрастырудың мақсаты мен міндеттері айқындалады; осы әдістемелік ұсынымдарды пайдаланудан күтілетін нәтиженің қысқаша сипаттамасы; бұрыннан бар әзірлемелермен салыстырғанда осы жұмыстың ерекшеліктері мен жаңалығының негіздемесі беріледі.

Оқу-тақырыптық жоспар. Бағдарлама бөлімдер мен тақырыптар тізбесін, аудиториялық (теориялық және практикалық сабақ түрлері) және аудиториядан тыс сабақтарға (қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) пайдалана отырып, жүргізілетін дербес жұмыстар мен сабақтар) бөлінген, әрбір тақырып бойынша сағаттар санын қамтиды.

Егер Бағдарлама бір жылдан көп оқу мерзіміне есептелген болса, онда тақырыптық жоспар әрбір жылға жасалады, ал бағдарламаның қалған барлық бөлімдері жалпы болуы мүмкін. Оқу-тақырыптық жоспар үлгілік болып табылады және білім беру салаларының негізгі тақырыптарын игеруді көздейді, пәннің іске асырылу технологиясын ашады, тақырыптың баяндалу дәйектілігін, әрбір тақырып бойынша оларды теориялық және практикалық сабақ түрлеріне бөліп көрсете отырып, әрқайсысының сағат санын, бағытын, оқыту жылы мен білім алудың нысанын айқындайды. Оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес теориялық және практикалық сабақ түрлерінің қысқаша сипаттамасы, сабақтардың мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін әрбір тақырыптың қысқаша баяндамасы ұсынылады.

Қазіргі уақытта әдістемелік әдебиетте педагогтер назарын бағдарламалар әзірлеудің модульді қағидатына аударады. Бұл қағидат оқылатын материалдың білім модульдері қатарына бірігуі болып табылады, онда модуль игеру барысында белгілі бір құзыретті немесе құзыреттер тобын қалыптастыратын, білім беру бағдарламасының логикалық тұрғыдан аяқталған, салыстырмалы түрде дербес бөлігін білдіреді. Мұндай бағдарлама базалық (міндетті) модульді және таңдау бойынша модульдерді (мысалы, дарынды балаларға арналған және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған модульдер; бағдарлама бойынша белгілі бір қызмет түрлерінің логикасына құрылған, бағдарламаны игерудің әртүрлі деңгейінің модульдері) қамтуы мүмкін.

Іске асыру әдістері

Туристік-өлкетану бағыты бойынша білім беру бағдарламасын іске асырудың негізгі әдістері:

Азаматтық-патриоттық сананы оқыту мен қалыптастыру әдістері (сұхбат, әңгіме, жарыссөз, дәріс, мысал және т.б.);

туристік-өлкетану қызметін, оқушылардың өзін өзі ұстауын ұйымдастыру әдістері (практикалық зерттеу жұмысы, практикалық жұмыс, жаттығу, әдебиетпен жұмыс, дербес жұмыс, иллюстрация, көрсету, қашықтықтан оқыту әдістері және т.б.);

туристік-өлкетану қызметін, оқушылардың өзін өзі ұстауын ынталандыру әдістері (жарыс, жорықтарға, экспедицияларға қатысу, мадақтау, перспектива, табысты жағдай және т.б.);

туристік-өлкетану қызметін, оқушылардың өзін өзі ұстауын бақылау және бағалау әдістері (әңгіме, пікіртерім, байқау, сауалнама, тестілеу, сап түзеу, ауызша және жазбаша бақылау, оқушылар қызметінің нәтижелерін талдау, өзін өзі талдау, өзін өзі бақылау, диагностика, тренингтер, рефлексивті әдістер және т.б.).

Білім беру процесі қорытындыларын жүргізу нысандары: есептік, бақылау, ашық, қорытынды сабақ, емтихан, сынақ, байқау, көрме, дербес жұмыс, жобаны таныстыру және қорғау, сынақ жорық, экспедиция, слет және тағы басқалары.

Күтілетін нәтижелер

Авторлар білім алушылардың бағдарламаны меңгеруі бойынша болжанатын нәтижелерді белгілейді. Бұл нәтижелер игерілген білімдер мен қалыптастырылған біліктер мен дағдылар жүйесінде көрінеді. Күтілетін нәтиже қойылған мақсатқа, білім алушыларды негізгі өлшемшарттар бойынша оқытудағы, тәрбиелеудегі, дамытудағы міндеттер кешеніне сәйкес келеді:

туристік-өлкетану бағытындағы тақырыптарды зерделеу бойынша арнайы теориялық білімдерді меңгеру;

практикалық қызмет біліктері мен дағдыларын алу;

білім алушылардың жекебасты қасиеттерін дамыту.

Әдебиет және ақпараттық ресурс – қызметтің әрбір бағыты бойынша әдеби және ақпараттық дереккөздер әдеби дереккөздерді ресімдеу ережелеріне сәйкес жасалады және библиографиялық жазбаларды құрастыру бойынша мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес көрсетіледі.

Қосымшалар мына: іс-шаралар, ашық сабақтар өткізу жоспарлары, викториналардың үлгілік сұрақтары, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер және т.б. бөлімдерге кірмеген, аталған әдістемелік ұсынымдар мен әзірлемелерді пайдаланумен ұсынылатын қызмет түрін ұйымдастыру үшін қажетті материалдарды қамтуы мүмкін.

Құндылықты-уәждемелік құрамдауыш туристік-өлкетану қызметінің құралдарымен педагогтің кәсібін меңгерудегі мүдделер мен

қажеттіліктерді, білімдерді, біліктерді, дағдыларды, заманауи технологияларды пайдалану мотивтерін, жаңа, барынша жоғары кәсіби позицияларға ұмтылуды, жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін іске асыруды сипаттайды.

Процессуалдық-жасампаздық құрамдауыш жеке тұлғаның арнайы білімді игеруін және практикада қолдана білуін, шығармашылық ақыл-ой қызметінің дағдыларын иеленуін, міндеттерді шешудің баламалы нұсқаларын іздеуін, іс-әрекеттің оңтайлы тәсілдерін таңдап алуын қамтиды.

Бағалау-талдау құрамдауышы педагогтің танымдық дайындыққа өзіндік баға берудегі білігін білдіреді. Маман модель – педагогтің жоғарыда көрсетілген құрамдауыштары оның санасы мен мінез-құлқының ең маңызды қасиеттерін білдіретін өлшемшарттарды іріктеп алуға негіз болды.

Ғылыми қағидат – тәрбиелеу және оқыту ретінде туристік-өлкетану қызметінің маңызды қасиеті болып табылады. Туристік-өлкетану процесінің мазмұны заманауи ғылымның белгілі бір бөлімінің деректеріне сәйкес баяндалуы, дүниетанымды қалыптастыруға жәрдемдесуі тиіс. Фактілер, оқиғалар, теориялық жағдайлар ғылыми интерпретацияда беріледі, өздерінің қатысы бар қазіргі ғылым саласының жетістіктері ескеріле отырып, жүзеге асырылады. Фактілер мен оқиғалар әділ ғылыми бағасын алуға тиіс.

Жасөспірімге қойылатын талаптар мен құрметті үйлестіру қағидаты туристік топта қажетті байланыстарды жолға қоюда сенімді негіз бен бағдар ретінде қызмет етеді. Бұл қағидат ұжымға сүйенуге тығыз байланысты. Жасөспірімнің ұжымда араласуы неғұрлым әркелкі болса, оның игеретін біліктері мен дағдылары да соғұрлым жетілген болады. Жасөспірімге деген талап пен құрметті үйлестіру оның күші мен мүмкіндіктеріне сеніммен қарауда пайда болады. Туристік қызметте бұл қағидатты іске асырудың өз ерекшелігі бар.

Бірізділік, біртіндеушілік, жүйелілік қағидаттарының оқушылармен туристік жұмыстағы маңызы зор. Осы қағидаттарды сақтау құрамдас бөліктері өзара тығыз байланысты педагогикалық жүйе құруды болжамдайды, біртұтас дүниені құрайды. Осы қағидаттарды іске асыру туристік жұмыстағы педагогикалық процестің үздіксіздігі мен сабақтастығын болжамдайды.

Туристік-өлкетану қызметінің қолжетімділік қағидаты оның мазмұны арқылы іске асырылады. Туристік-өлкетану қызметіне демократиялылық тән, бұл оған кез келген тәндік, зияткерлік және эмоциялық даму деңгейіндегі оқушылар қатыса алады дегенді білдіреді. Туристік-өлкетану қызметі нысандарының әртүрлілігі,

олардың ауыспалылығы туристік ұжым мүшелерінің психологиялық шиеленісін азайтады және толерантты қарым-қатынасына ықпал етеді.

Туристік-өлкетану қызметінде **білім, білік, дағдыларды берік игерудің қағидаты** сапасын жолдастары бағалайтын негізгі міндеттерді орындау кезінде жүзеге асырылады.

Ойлауды дамыта отырып оқыту көрнекілігі қағидатының туристік-өлкетану қызметінде алатын маңызы зор. Көрнекілік балалар мен жасөспірімдер үшін маңызды, объектіні қабылдау тереңдігін айтарлықтай ұлғайтады.

Педагогтер, ата-аналар, жұртшылық өкілдерінің тарапы көзқарасының, талаптары мен әрекеттерінің бірлігі қағидаты туристік қызметте жасөспірімдерді жемісті тәрбиелеудің маңызды шарты болып табылады. Бұл шарт туристік-өлкетану қызметінде тәрбиелеу қағидаттарының сақталуымен, педагогика мен психология қолданатын нысандар мен әдістерді пайдаланумен қамтамасыз етіледі.

Тәрбиелеу процесінің толықтығы мен педагогикалық әсердің бірлігі қағидаты туристік-өлкетану қызметінде сәтті жүзеге асырылатын педагогиканың маңызды қағидаттарының бірі болып табылады. Бұл қағидатты іске асыру білім беру, тәрбиелеу және сауықтыру процестерінің тығыз бірігуін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Туристік-өлкетану бағытындағы балалар мен жастарға қосымша білім берудің **білім беру салалары:** кіші туризм (мектепке дейінгі), жас туристер, жас өлкетанушылар, географ-өлкетанушылар, жас геологтар, жас гидрологтар, жас тарихшылар, жас этнографтар, жас фольклоршылар, мұражайтану, әдеби өлкетану, жас бардтар, жас археологтар, жас эколог-туристер, жас өлкетанушы-туристер, жас экскурсияшылар, менің қалам, менің ауданым, менің тегім, менің отбасым, менің шағын отаным, жас топырақтанушылар, көркем өлкетанушылар, әуесқой балық аулаушылар, жас құтқарушы-туристер, жас спелеолог-туристер, жолсерік-туристер, қауіпсіздік мектебі, жас судьялар, туристік жарыстар судьялары, жас туризм нұсқаушылары, велосипед туризмі, жаяу туризм, су туризмі, шаңғы туризмі, тау-жаяу жүру туризмі, туристік көпсайыс, спорттық құзға шығу, альпинизм, туризм және спорттық бағдар, спорттық бағдар және т.б.

Қосымша білім беру ұйымдарында әртүрлі балалар топтары пайдалануы үшін көптеген дамыту технологиялары игерілуі мүмкін, сондықтан тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік беретін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістемелері мен технологияларын енгізу бойынша жұмыс жүргізу қажет. Педагогтер, әдетте, дамыта білім берудің белгілі бір технологиясын немесе оның элементтерін тандап алады, меңгереді және оны практикада іске асырады.

Туризм мен өлкетану бос уақыт пен сауықтыруды ұйымдастырудың ұтымды құралы ғана емес, сонымен қатар үздіксіз білім берудің ресурсы да болып табылады. Бұл балалар мен жастарға қосымша білім беру жүйесінде туризм мен өлкетанудың дәстүрлі түрлерін, нысандарын, құралдарын белсенді пайдалануды және жаңаларын іздеуді өзектілендіреді.

Осылайша, қосымша білім берудің маңызды міндеттерінің бірі балаларға ұсынылатын қызметтің мазмұнын жаңарту болып табылады, ол бұрыннан бар бағдарламаларды өзгерту әрі жетілдіру және жаңа өзекті білім беру бағдарламаларын енгізу есебінен жүзеге асырылады.

3. Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының үлгілік жобалары

«Кіші туризм» білім беру бағдарламасы (мектеп кезеңі, оқытудың екінші жылы, 2-сынып)

Автор: Шаяхметова Г.М., Астана қаласының «Жас натуралистер станциясы» ММ әдістемелік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары, жоғары санатты қосымша білім беру педагогі, тау туризмінің нұсқаушысы.

Түсіндірме жазба

«Кіші туризм» (мектеп кезеңі) бағдарламасы туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру оқыту бағдарламасы болып табылады; функционалдық бағыты бойынша - оқу-танымдық; ұйымдық нысаны бойынша - үйірмелік; іске асырылу уақыты бойынша – төрт жылдық.

Аталған бағдарлама үздіксіз туристік-өлкетанушылық білім беру жүйесіндегі аралық саты болып табылады: балабақша – мектеп – қосымша білім беру – колледж, ЖОО. «Кіші туризм» бағдарламасы төменгі сынып (1-4-сыныптар) оқушыларына арналған және мектеп, сынып, үйірме немесе қосымша білім беру ұйымында іске асырылуы мүмкін.

Бағдарламаның **мақсаты:** туристік-өлкетану қызметі жағдайында туған өлкені іс жүзінде тану арқылы жас мектеп оқушысының жан-жақты дамыған жеке тұлғасын қалыптастыру.

Міндеттері:

Шағын Отанын зерделеу арқылы өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында отансүйгіштік, азаматтық сезімін тәрбиелеу, туған өлкеге, табиғатқа және еңбекке деген сүйіспеншілікті сіңіру;

туризм және өлкетану сабақтарының процесінде баланың табиғи қасиеттерін және шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал ету;
салауатты өмір салтын қалыптастыру;
туристік және экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыруға ықпал ету.

Бұл бағдарламаны іске асыру республикамызда балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуға баса назар бөлініп отырылғандығына байланысты өзекті, ол тез өзгеретін бәсекелі-қабілетті ортада жеке тұлғаның белсенді әлеуметтенуінің кешенді құралы ретінде оқушыларды туристік-өлкетану және экскурсиялық қызметпен көптеп қамтуды болжамдайды. Қосымша білім берудің ең көпшілік және бірегей бағыттарының бірі ретінде балалармен туристік-өлкетану қызметінің кең мүмкіндіктері бір уақытта тәрбиелеу, оқыту, дамыту, сауықтыру, кәсіби бағдар беру және әлеуметтік бейімдеу сияқты көптеген педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Туристік-өлкетану қызметінің ерекшелігі баланың өзін қоршаған табиғи және әлеуметтік ортамен тікелей «соқтығысуы» болып табылады, бұл жағдайларда өмірлік қажетті дағдыларға, коммуникативтік мәдениетке, жасампаз және шығармашылық тәжірибеге ие болу мүмкіндігі пайда болады.

Туристік-өлкетану қызметінің кең педагогикалық мүмкіндіктері балаларды да, сондай-ақ олардың ата-аналарын да тартады, ұжымның бірігуіне және ата-аналар контингентін педагогикалық процеске тартуға ықпал етеді. Бастауыш мектеп іргесінде іске асырылатын «Кіші туризм» бағдарламасы жоғарыда аталған міндеттерді шешуге және мұғалімдердің, ата-аналардың, оқушылардың бірыңғай ұжымын құруға, көбіне оқушыларға тәрбиелеушілік әсерді күшейтуге, педагогикалық әсердің бағытын жақсартуға жәрдемдеседі.

Бағдарлама балалардың жасына байланысты физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып, құрастырылады. Ол танымдық сипаттағы (байқауылар, рөлдік ойындар, шығармашылық шеберханалар, викториналар және т.б.) және туристік бағыттағы (кедергілер жолағы, туристік кезеңдер, эстафеталар, жарыстар, кіші туриада, жалпы туристік дайындық кешендері (бұдан әрі - ЖТД) сабақтар өткізудің әртүрлі нысандарын және ойын сәттері мен кейіпкерлерді пайдаланумен жалпы дене дайындығы кешенін (бұдан әрі - ЖДД) және т.б. қамтиды.

Бағдарламаның құрылымы білім беру блоктарынан тұрады (теория, практика), мазмұны алты тақырыптық модульге біріктірілген, олардың әрқайсысы жекелеген міндеттерді іске асырады.

Оқытудың екінші жылының бағдарламасында өлкетану және туристік бағыттағы материалды тереңдету және бірінші оқыту

жылында алынған білімдерді бекіту көзделген, практикалық-бағдарлық тәсілге баса назар аударылады. Бағдарламаны іске асыру аптасына 6 сағат көлеміндегі сабақтарды көздейді. Оқу тоқсанында бір рет табиғатқа экскурсиялар, туған өлке бойынша туристік серуендер немесе жорықтар ұйымдастырылады.

Күтілетін нәтижелер

«Кіші туризм» бағдарламасы бойынша жұмыстың нәтижесінде білім алушылар: әрбір тақырып бойынша теориялық материалдың базалық көлемін, экологиялық мәдениеттің негізгі элементтерін, табиғатта өзін өзі ұстау ережелерін, серуендердегі, экскурсиялардағы, жорықтардағы қауіпсіздік қағидаларын, сақтандыру технологияларының денсаулық элементтерін білуі тиіс.

Жас туристер: табиғаттың құбылыстарын бақылай білуге, көкжиек бағыттарын бағдарлай алуға, қарапайым туристік бауларды байлай білуге, палатка орната білуге (үлкендердің көмегімен), туристік кедергілер жолақтарының бастапқы кезендерін еңсере білуге, шартты жүкпен жаяу саяхат жасай білуге тиіс.

Қосымша білім беру ұйымдарының үйірмелері мен секцияларындағы сабақтар балаларға өлкетанумен айналысуға, туған өлкенің дәстүрлері мен салттарын зерделеуге, туристік шеберлікті жетілдіруге және арттыруға, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Кіші туризм» білім беру бағдарламасы

(мектеп кезеңі, оқытудың екінші жылы, 2-сынып)

№ р/с	Тақырыптар атауы	Сағаттар саны			
		всего	Теориялық сабақ	Практикалық сабақ	
				Үй- жайда	Жергілікті жерде
I модуль. Туристік-өлкетану қызметі процесінде төменгі сынып оқушыларының танымдық-өлкетанушылық құзыреттерін дамыту (24 сағат)					

1	Кіріспе сабақ	2	2		
2	Тағы да мектепке барамыз	2		1	1
3	Мектептің қоршаған әлемі	2		1	1
4	«Астана – болашақ қаласы»	2			2
5	Туған өлкенің көрікті жерлері	2	1	1	
6	«Күзгі марафон» туристік-өлкетану шеберханасы	3			3
7	Мұражай циклі	4		4	
8	Халық дәстүрлері мен салттары	6	2	4	
9	Балалар туристік әндері	1	1		
Модуль II. Жас туристердің заңдары, ережелері және дәстүрлері (34 сағат)					
10	Екінші сыныпта оқитын турист – болашақ турист әрі спортшы	4	2	1	1
11	Екінші сыныпта оқитын турист өз шағын ауданын зерделейді	4	1		3
12	Екінші сыныпта оқитын турист жақсы дос, кішілер мен әлсіздерге көмектеседі	2	1	1	
13	Екінші сыныпта оқитын турист туристік дәстүрлермен танысады	4	1	2	1
14	Біз – салауатты өмір салты үшін	4	1	1	2
15	Туристік жорықтағы тазалық ережелері	2	1	1	
16	Туристік жорықта тамақтану ережелері	2	1	1	
17	Табиғаттағы мінез-құлық ережесі	4	2		2
18	Отбасылық дәстүрлер, отбасы шежіресі	4	2	1	1
19	Туризм арқылы өзін-өзі тану	4	1	2	1
III модуль. Төменгі сынып оқушыларының туристік-өлкетану дағдылары мен біліктері (62 сағат)					
20	Серуенде, экскурсияда, туристік жорықта бақылаймыз	4	1		3
21	Жас туристің жеке жарағы	4	2	2	
22	Тамақ өнімдерін, туристік жорықта тамақ пісіруге арналған ыдыстарды тасымалдау	2	1	1	
23	Экскурсиялық бағдар	4	1	1	2
24	Тұсбағдармен бағыт алу. Көкжиек бағыттары. Жел тармақтары	4	1	2	1
25	Топографиялық белгілер. Карта	6	2	2	2
26	Жергілікті белгілер бойынша бағдарлану	2	1		1
27	Жергілікті жерді бағдарлау	4	1	1	2
28	Туристік жарақ, серуенге, жорыққа арналған жарақты іріктеу	4	1	2	1
29	Туристік баулар, байлау тәсілдері, міндеті	6	2	4	
30	Жолқапшықты реттеу. ЖДД, ЖТД кешені	4	2	2	
31	Палаткаларды орнату, ЖДД, ЖТД кешені	4	1	2	1
32	Туристік кедергілер, ЖДД, ЖТД кешені	6	1	4	1
33	Серуенде, жорықта жарақаттанған және ауырған жағдайларда алғашқы көмек	4	2	2	

	көрсету. Жасыл дәріхана				
34	Туристік топтағы міндеттер. Жорық күнделігі	4	2	1	1
IV модуль. Бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетінің негіздерін тәрбиелеу (24 сағат)					
35	Табиғи құбылыстар. Табиғат белгілері бойынша күнтізбе жасау	4	2	1	1
36	Біздің кішкентай достарымыз, жануарлар, құстар, өсімдіктер	4	2	1	1
37	Қоршаған ортаны сақта	4	2	2	
38	Сынып пен мектептің жасыл әлемі	4	2	2	
39	Жас туристер – табиғаттың достары	4	2	1	1
40	Экологиялық соқпақ	4	1	1	2
V модуль. Серуендердегі, экскурсиялардағы, жорықтардағы қауіпсіздік ережелері (28 сағат)					
41	Тәртіп – қауіпсіздік кепілі	4	1	2	1
42	Мектепке баратын қауіпсіз жол	2	1		1
43	Жолда жүру ережесін біл және сақта. «Қызыл, сары, жасыл» байқау байқаулары	4	1	1	2
5.2. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмекті көрсетудің негізгі амалдары

Жорыққа арналған дәрі қобдишасы. Жарақаттар кезінде көмек көрсету. Зардап шегушіні иммобилизациялау тәсілдері. Жгут, мақта-дәке байламын қою, қан кету кезінде жараларды тазарту. Жылу және күн өту, күйеу кезінде; суық тию аурулары, жәндіктер мен бауырымен жорғалаушылар шаққан кезде; тамақтан улану кезінде көмек көрсету.

Практикалық сабақтар: Жалпы дене шынықтыру дайындығының кешені. Шартты зардап шегушіге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету. Шартты зардап шегушінің көлікпен алып жүру.

5.3. Зардап шегушіні көлікпен алып жүру амалдары

Әртүрлі жерден жарақат алған зардап шегушіні тасымалдау. Зардап шегушіні жарақатының сипатына және орнына, оның жағдайына, көрсетілген көмектің санына байланысты көлікпен алып жүруді және тасымалдауды ұйымдастыру. Сырықтардан зембілдер, шаңғыдан сүйретпе жасау.

Практикалық сабақтар: Жалпы дене шынықтыру дайындығының кешені. Шартты зардап шегушіні көлікпен алып жүру.

5.4. Су туризмі бойынша сайыстарға дайындық

Сайыстар жөніндегі ереже, қашықтықтардың шарттары. Команданың шығуы

«Табыс шыңына» туристік практикумының білім беру бағдарламасы

О.В. Дьяченко, Павлодар қ. «Балалар мен жасөспірімдердің экология және туризм орталығы» ҚКҚК қосымша білім беру педагогі

Түсіндірме жазба

«Табыс шыңына» туристік практикумы бағдарламасы – мектеп оқушыларының құзыреттерін, жеке бағдарлары мен баланың дене шынықтыру және психикалық денсаулығын сақтауды және нығайтуды қамтамасыз ететін, зияткерлік және эмоционалдық дамуына, білім беру кеңістігінде алға қойған міндеттеріне қол жеткізуге ықпал ететін мінез-құлық нормаларын қалыптастыру бағдарламасы. Сауықтыру және

психологиялық әдістемелерді үйлесімді үндестіру идеясы балаларды түрлі өмірлік жағдайларда өзін-өзі реттеу амалдарына, туристік-жаттықтыру жолында практикалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы денсаулықты сақтау және нығайту тәсілдеріне үйретеді.

Мақсаты: денсаулық сақтау құзыреттерін қалыптастыруға жағдайлар жасау.

Міндеттері:

1) мектеп оқушыларының түрлі өмірлік жағдайларда өзін-өзі айқындау және өзін-өзі дамыту бойынша құзыреттерін дамытуға ықпал ету;

2) денсаулық сақтаушы кеңістік құру арқылы оқу процесіне қатысушылардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету.

Мақсаттарға жетудің оңтайлы жолдарының бірі туризм сабағы болып табылады. Басқа спорт түрлерінің ішінен туризм баланың жеке басына неғұрлым қолайлы әсер етеді. Кешенді және ұжымдық спорт түрі ретінде туризм тек қоршаған орта туралы білім жинауға және өмірде қажетті дағдылар мен біліктер қалыптастыруға мүмкіндік беріп қоймай, ұжымшылдық, өзара көмек көрсету, мейірімділік, өз бетімен шешім қабылдау, өзіне жауапкершілік алу, тіл табысқыштық сияқты құнды жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді.

Туристік-жаттықтыру жолындағы (бұдан әрі - ТЖЖ) практикалық сабақтар мектеп оқушыларының дене шынықтыруын және зияткерлігін дамыту құралы болып табылады. Олар алынған дағдыларды кіріктіріп қолдануға, өз қабілеттерін іске асыруға, мектеп оқушыларының жеке бас ерекшеліктерін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Бағдарлама мазмұны бастауыш, орта, жоғары жастағы мектеп оқушыларына бағытталған.

Бағдарлама мазмұны

Туристік-жаттықтыру жолындағы практикалық қызмет үш жас санаты бойынша жүзеге асырылады: бастауыш буын (7-11 жас), орта буын (12-15 жас), жоғары буын (16-18 жас).

7-11 жастағы оқушылар сақтандыруды (бөрене, аспалы көпірлер, төмпешіктер, баллондар) тартпай-ақ кезеңнен өтеді және жасанды құзға нұсқаушының сақтандыруымен көтеріледі.

12-15 жастағы оқушылар туристік-жаттықтыру жолынан өту кезінде нұсқаушының сақтандыруы болғанда өзін-өзі сақтандыруды (сақтандыру пунктiнiң жоғарғы алаңынан өту кезеңінде) пайдаланады.

Жоғары буын оқушылары командалық сақтандыруды ұйымдастыра отырып, практикалық қызметті жүзеге асырады.

Туристік практикум қатысушыларының практикалық тапсырмалары

№	Тапсырма	7-11 жас	12-15 жас	16-18 жас
1.	Жасанды құз	Нұсқаушының сақтандыруымен жасанды құзға өрмелеу, нұсқаулықтарды орындау, практикалық қызметке және мінез-құлыққа өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру	Нұсқаушының сақтандыруымен сақтандыру пунктіне бара отырып, жоғары өрмелеу және түсу. Өзін-өзі бағалау деңгейін арттыру. Өз әрекеттеріне талдау жасау	Сақтандыру пунктіне бара отырып, жоғары өрмелеу және түсу, командалық сақтандыруды ұйымдастыру. Өз жағдайын басқаруға жаттықтыру
2.	Шағын аспалы көпірлер	Кезеңдерден сақтандыру тақпай-ақ өту, мектеп оқушыларының қызығушылықтарын, бейімділіктерін, қабілеттерін анықтау, әлеуметтік сынақ-ахуалды, физикалық, эмоционалдық және ақыл-ой өзін-өзі реттеуді талқылау		
3.	Бөрене	Кезеңнен нұсқаушының гимнастикалық сақтандыруымен өту, ұйымдастырушылықты қалыптастыру	Өзін-өзі сақтандырумен кезеңнен өту, әрекеттердің тиімділігіне өзін-өзі талдау	Кезеңнен өту, сақтандыруды ұйымдастыру, жауапкершілікке тәрбиелеу
4.	Төмпешік-баллондар, баллондардан жасалған аспалы көпірлер	Кезеңнен нұсқаушының гимнастикалық сақтандыруымен өту, еңбек құзыреттіліктерін дамыту	Өзін-өзі сақтандырумен кезеңнен өту, эмоционалдық жағымды «Мен – тұжырымдар» қалыптастыру	Кезеңнен өту және сақтандыруды ұйымдастыру. Өзін-өзі реттеуге және жетілдіруге басымдықтарды қалыптастыру
5.	Сақтандыру пунктінің жоғары алаңы бар үлкен аспалы көпір	Қатыспайды	Нұсқаушының сақтандыруымен сақтандыру пунктіне бара отырып, өзін дамыту мақсаттарына қол жеткізуге үйрету	Кезеңнен өту және командалық сақтандыруды ұйымдастыру. Өзін психикалық шиеленістен шығуға үйрету
6.	Төмпешік-	Кезеңнен	Өзін-өзі	Кезеңнен өту

	бөренелер	нұсқаушының гимнастикалық сақтандыруымен өту	сақтандырумен кезеңнен өту. Уәждеу деңгейін арттыру	және өзін-өзі сақтандыруды ұйымдастыру, өзін-өзі реттеуді қалыптастыру
--	-----------	--	---	--

Бағдарламаны іске асыру тетігі

«Табыс шыңына» туристік практикумы бағдарламасы денсаулық сақтау кеңістігі арқылы мектеп оқушыларының өзін-өзі айқындау және дамыту, оқыту процесіне қатысушылардың денсаулығын нығайту құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.

Бағдарламаның мазмұны оқытудың жалпы дидактикалық және айрықша қағидаттарға негізделеді.

Саналылық қағидаты – оқушыларда танымдық қызметке деген терең түсінушілікті, тұрақты қызығушылықты, саналық көзқарасы қалыптастыруды көздейді.

Жүйелілік және реттілік қағидаты білім, білік және дағдылардың өзара байланысында көрінеді, оларда бар тәжірибеге сүйенеді.

Білімді, білікті және дағдыларды қайталау қағидаты маңыздылардың бірі болып табылады. Бірнеше мәрте қайталаулар нәтижесінде динамикалық стереотиптер қалыптасады. Іс-әрекет элементтерінің сипаты жаттығулардың өзгеруінде және олардың орындалу жағдайларында, әдістер мен амалдардың әртүрлілігінде, тапсырмалардың әртүрінде көрініс табуы мүмкін.

Біртіндеп іске асыру қағидаты. Жүйелі және реттілікпен оқыту стратегиясы мен тактикасы баланы жан-жақты оқытудың денсаулық сақтау жағдайларын қалыптастыруда маңызды.

Жекелендіру қағидаты оқыту мен тәрбиелеудің ортақ заңдылықтары негізінде жүзеге асырылады. Оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып, педагог әрбір жан-жақты дамытады, оны дамытуды жоспарлайды және болжайды. Оқушының дербес дайындылық деңгейін және денсаулық жағдайын ескере отырып, оның біліктері мен дағдыларын жетілдіру жолдарын белгілейді.

Үздіксіздік қағидаты сауықтыру педагогикасын біртұтас процесс ретінде құру заңдылығын білдіреді. Ол жүктемелер мен демалыстарды жүйелі кезектестіру қағидатымен тығыз байланысты.

Циклділік қағидаты сауықтыру педагогикасы процесін ретке келтіруге ықпал етеді. Ол сабақтардың қайталанатын реттілігіне негізделеді, бұл оқушының әрбір келесі оқыту кезеңіне дайындығын жақсартады.

Мектеп оқушыларының жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу қағидаты білімдерін, біліктері мен дағдыларын қалыптастыру,

денсаулық сақтау технологиялары құралдарын пайдалану процесінде организмнің функционалдық мүмкіндіктерін дамыту, олардың жеке қасиеттерін анықтау үшін іргетас болып табылады.

Көрнекілік қағидаты – оқыту процесін адамның сезім органдарын танымдық процеске тарту нысандарын барынша пайдалану арқылы құруға міндеттейді. Көрнекілік қағидаты сезімдік қабылдаудың ойлаумен байланысына бағытталған.

Белсенділік қағидаты – мектеп оқушыларының белсенділігінің, дербестігінің, бастамашылығының жоғары деңгейін болжайды.

Тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамыту қағидаты. Баланың психофизикалық қабілеттіліктерін, бірлікте және дене шынықтыру, зияткерлік, рухани, адамгершілік және эстетикалық дамытуға бағытталған білімдерін, біліктерін және дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі.

Сауықтыру бағыттылығы қағидаты білім беру ұйымдары оқушыларының денсаулығын нығайту міндеттерін шешеді.

Мектеп оқушыларында өзінің және өзін қоршаған адамдардың денсаулығына жауапкершілігін қалыптастыру қағидаты.

Жұмыс әдістері мен нысандары

Бағдарлама бойынша сабақтардың тиімділігі педагог өз жұмысында пайдаланаын құралдар мен әдістердің әртүрлілігіне айтарлықтай тәуелді. «Табыс шыңына» практикумының бағдарламасы оқушылар мен педагогтер өзара іс-қимылында интерактивті әдістерді пайдалануды, түйткілді жағдайларды шешуді көздейді. Практикалық қызмет әртүрлі нысандар арқылы жүзеге асырылады, олар: топтық, шағын топтар, жеке, ата-аналармен, нұсқаушылармен бірге.

Күтілетін нәтижелер

«Табыс шыңына» туристік практикумын іске асыру мыналарды қалыптастыруға мүмкіндік береді:

денсаулыққа әсер ететін жағымды факторлар туралы;

қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру, қауіпсіздікті ескере отырып, балалар денсаулығына қатердің жағымсыз факторлары туралы физикалық жүктемелер жасау, талдау және бақылау туралы;

денсаулық мәдениетінің және салауатты өмір салтының негізгі құрамдауыштары туралы түсінік қалыптастыру.

«Жас құтқарушы» үйірмесінің білім беру бағдарламасы

Н. Шүренбаев, Ақтөбе қаласының қалалық жас туристер станциясының қосымша білім беру педагогі.

Түсіндірме жазба

Жалпы білім беру мектептерінің оқушылары үшін «Жас құтқарушы» үйірмесінің білім беру бағдарламасы «Тіршілік қауіпсіздігі негіздерінің» логикалық жалғасы болып келеді.

Бұл білім алушыларды экстремалды жағдайларда әрекет етуге, оқушыларды құтқару жұмыстарын жүргізуге тәжірибе жүзінде дағдылануға, табиғи, әлеуметтік және техногендік жағдайларда зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге дайындайды.

Бағдарлама құтқарушылар біліктілігіне қойылған талапты ескере отырып, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар министрлігімен келісіліп, Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс туралы заңына сәйкестендіріліп жасалған.

Оқу барысында оқушылар төтенше жағдайдан қорғау және апаттан құтқару жұмыстары саласындағы негізгі құқықтық құжаттарды оқуы керек, туристік, альпинистік бағыттарды өтуге тәжірибе жинау және экстремалды жағдайларда тірі қалуға (аман қалуға) дағдылануы, құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған құралдар мен аспаптарды, зақымдаушы факторлардан қорғайтын қорғау құралдарын, алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін, апаттан құтқару жұмыстарын жүргізу барысында сақталуға тиісті қауіпсіздік шараларын зерделеп, оқып үйренулері керек.

Мақсаты: бағдарламаның мақсаты балалар мен жастарға патриоттық тәрбие беруді жетілдіру, өзара көмек көрсетуге, парасаттылыққа, адамдарды және табиғатты сүйуге, жеке бас және ұжымдық қауіпсіздік мәселелерін түсінуге негізделген.

Бағдарламаның басты міндеті:

жасөспірімдер мен жастарды жеке бас және ұжымдық қауіпсіздікті сақтауға тарту;

кез келген төтенше жағдайларда өз-өзіне және өзара көмек көрсетуге, сауатты қимыл жасауға оқытып үйрету;

жеке бас және ұжымдық қорғаныс құралдарын іс жүзінде пайдалана білуге үйрету;

балалар мен жасөспірімдер арасында дене шынықтырумен айналысуды жақсарту және салауатты өмір салтын сақтауға тарту;

балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын сақтау және насихаттау;

экстремалды жағдайлардағы мінез-құлық дағдыларын бекіту үшін жаттығулар мен жарыстар өткізу;

Дайындық оқу бағдарламасы мен сабақ кестесіне сәйкес арнайы әзірленген әдістемелік материалдар мен әдістемелік құралдар негізінде жүргізіледі.

Практикалық дайындықтар Ақтөбе облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қорғаныс бөлімшелерінің орналасқан жерінде өтеді: өрт сөндіру бөлімінде, сүнгуір станциясында, апаттар медицинасында, шұғыл құтқару отрядтарында, спорт залдары мен өрмелеу станцияларында белгілі бір жастағы балаларға бейімделген құтқарушыларды дайындауға арналған әдістемелік құралдар бойынша өтеді.

Экстремалды жағдайда аман қалу үшін дене шынықтыру спорт секциясы мүшелері мен білім беру ұйымдарының қойылатын талабына сай өтеді.

Күтілетін нәтижелер

Білім алушылар:

Әртүрлі төтенше жағдайлардағы жүріс-тұрыс ережесін;

Жазатайым оқиғалар кезінде өмірін сақтау тәсілдерін;

Алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін;

Әртүрлі жер сынғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмектің ерекшеліктерін;

Әртүрлі сынықтармен зардап шеккендерді тасымалдау мен қозғау әдістерін;

Алғашқы медициналық көмек көрсету құралдарын;

Әртүрлі климаттық және табиғат жағдайларында аман қалу негіздерін;

Апаттан құтқару жұмыстарын орындау кезіндегі техникалық қауіпсіздік шараларын;

Өзінің жеке психологиялық ерекшеліктерін;

Өзінің жәй күйін басқару тәсілдерін білуі тиіс.

Білім алушылардың қолынан келеді:

Альпинистік, алғашқы өрт сөндіру және медициналық құрал-жабдықтарды қолдана алады;

Компаспен, картамен жұмыс істеу, әртүрлі ауа райы жағдайларында тәуліктің кез келген мезгілінде жергілікті жерді бағдарлай алады;

Төтенше жағдайларда моральды психологиялық жәй күйді бақылау;

Өз көңіл-күйін басқару тәсілдерін қолдану;

Бағдарламада көрсетілген іс-шараларды іске асыру үздіксіз білім беру процесін қамтамасыз етеді, «Қауіпсіздік мектебі» мен жасөспірімдердің «Жас құтқарушы» ұйымдарының мүшелері санының көбеюіне ықпал етеді, сол арқылы балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыруы мен сауығуына әсерін тигізеді.

Бағдарлама 3 жыл оқуға арналған: бірінші оқу жылы - 144 сағат, аптасына - 4 сағат, екінші және үшінші оқу жылдары - 216 сағат, аптасына 6 сағат. Білім алушылардың жасы - 10-17 жас.

«Жас құтқарушы» үйірмесінің оқу-тақырыптық жоспары
(бірінші оқу жылы)

№	Тақырыптар атауы	Сағаттар саны	Теория	Практика
1.	Ұйымдастыру бөлімі. Қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы нұсқама	2	2	
2.	Құтқару ісі	12	2	10
3.	Медициналық дайындық	12	2	10
4.	Өрт қауіпсіздігі	14	3	11
5.	Судағы қауіпсіздік	14	3	11
6.	Арнайы дене дайындығы	14		14
7.	Спорттық туризм техникасы	50	1	49
8.	Бағдарлау	10	2	8
9.	Апат дабылдары	8	2	6
10.	Сынақ	8	2	6
	Барлығы	144	19	125

«Жас құтқарушы» үйірмесі бағдарламасының мазмұны
(бірінші оқу жылы)

Ұйымдастыру бөлімі. Қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы нұсқама – 2 сағат.

«Құтқару ісі» - құтқару қызметтерінің бөлімдері, құтқарушылардың атқаратын қызметтері – 10 сағат.

Топографиялық және техникалық дайындықтардың қажеттілігі. Өзін-өзі құтқару – 12 сағат.

Медициналық дайындық – жарақат түрлері және дәрігерге дейінгі көмек көрсету – 10 сағат.

Өрт қауіпсіздігі – өрттің себептері; өрт қауіпсіздігі ережесі; өрт сөндіру; өрт сөндірушілердің киімдері – 10 сағат.

Практикалық сабақ: жауынгерлік таралу, өрт сөндіруге саптық дайындық – 14 сағат.

Судағы қауіпсіздік – мінез-құлық ережесі, жарақат түрлері.

Практикалық сабақ: іздестіру құтқару жұмыстары, суға батып бара жатқан адамды құтқару – 14 сағат.

Арнайы дене дайындығы – дене мүмкіндігін дамыту. Практикалық сабақ: жалпы дене дайындығы – 14 сағат.

Спорттық туризм техникасы – жаяу жүру мен тау туризмі бойынша білім мен дағды негіздерін меңгеру үшін практикалық сабақтар - 50 сағат.

Бағдарлау – топографиялық белгілер; картамен жұмыс; қашықтықты қадаммен есептеу жұмыстары.

Практикалық сабақ: бағдарлау техникасын пысықтау - 10сағат.

Апат дабылдары – дабыл түрлері – 10 сағат.

Морзе әліппесі бойынша практикалық сабақ, сәуле, дыбыс дабылдары бойынша – 6 сағат.

Қорытынды сабақ

Тестілік сынақ. Практикалық сынақ. Іздеу-құтқару жұмыстары – 12 сағат.

«Жас құтқарушы» үйірмесінің оқу-тақырыптық жоспары (екінші оқу жылы)

№	Тақырыптар атауы	Сағаттар саны	Теория	Практика
1	Кіріспе			
1	Құтқару ісі	14	4	10
2	Медициналық дайындық	14	4	10
3	Көлденең маятник	2		2
4	Жумарда көтерілу	4		4
5	Топты көтеру мен түсіру	4		4
6	Баспалдақтармен көтерілу	4		4
7	Зардап шеккенді көтеру	4		4
8	Зардап шеккенді түсіру	4		4
9	Сынақ	4		4
2.	Арнайы дене шынықтыру дайындығы			
1	«Құтқару ісі» кіріспе сабақ	1	1	
2	Өртүрлі жарақат түрлері	1	1	
3	Өрт шығудың басты себептері, өрт кезіндегі іс-әрекеттер	2	2	
4	Суда құтқару жабдықтары	4	2	2
5	Жылдамдықты дамыту жаттығуы	4		4
6	Топтық және жеке сақтандырулар	4		4
7	Бағдарлауды дамыту тарихы. Бастапқы топографиялық дайындық әдістемесі	1	1	
8	Әуе апат дабылы	2	2	
3.	Тест сынағы			
1	Құтқару жарақтарының түрлері	4	2	2
2	Дәрігерге дейінгі көмек көрсету:	4		4

	сынғанда, қан кеткенде			
3	Өрт қауіпсіздігі ережесі	4		4
4	Жағадағы мінез-құлық ережелері	4		4
5	Кросстық дайындық	4		4
6	Түйін түрлері	4		4
7	Азимут, компас, масштаб, топографиялық белгілер, картаны оқу	4		4
8	Морзе әліппесі	4		4
4.	Практикалық сынақ			
1	Картография топография негіздерімен	6	2	4
2	Дәрігерге дейінгі көмек көрсету: күйгенде, найзағай түскенде	8	4	4
3	Бастапқы өрт сөндіру құралдары	2	2	
4	Судағы мінез құлық ережелері	2	2	
5	Күштік жаттығулар. Турникте тартылу.	2		2
6	Қашықтықты өлшеу техникасы	4	2	2
7	Халықаралық апат дабылы	1	1	
8	Кедергілермен бір күндік жорық	6		6
9	Құтқару жұмысындағы техникалық жабдықтау	4	2	2
10	Дәрігерге дейінгі көмек көрсету: есінен танғанда, күн және ыстық өткенде	6	2	4
11	Өрт қауіпсіздігі	10	2	8
12	Саптық өрт сөндіруге дайындық, киім-кешек	6	2	4
13	Іздестіру-құтқару жұмыстары	6	2	4
14	Икемділікті дамыту	2		2
15	Бағдарлау техникасы	2	1	2
16	Өзін-өзі құтқару	2		2
17	Зардап шегушіні тасымалдау	2		2
18	Жауынгерлік қанат жаю. Өрт сөндіру бөлімшелерінің жауынгерлік қимылдары	4		4
19	Судағы қауіпсіздік	4		4
20	Практикалық сабақтар. Суға батып бара жатқан адамды құтқару	4		4
21	Жалпы дене дайындығы	4		4
22	Аспалы өткел	4		4
23	Арнайы дене дайындығы	4		4
24	Бөренелер қалау	2		2
25	Спорттық туризм техникасы	2		2
26	Маятник	2		2
27	Траверс	2		2
28	Бағдарлау	2		2
29	Қатар сүйеніштер	2		2
30	Апат дабылдары	2		2
31	Ұйымдастыру бөлімі. Жалпы қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау	1	1	

Барлығы:	216	44	172
----------	-----	----	-----

«Туған өлке сүрлеуімен» үйірмесінің білім беру оқу бағдарламасы
(мектепке дейінгі және мектеп кезеңі)

Михайлова О.В. - география пәнінің мұғалімі, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Красноярск негізгі мектебнің қосымша білім беру педагогі.

Түсіндірме жазба

Красноярск мектебіндегі туристік экологиялық өлкетану қызметінің негізгі тәрбие нысандары: «Жасыл желкен» экологиялық патрулінің, «Азимут» туристік клубының, «Росток» мектеп орман шаруашылығының, «Із кесуші» мұражайлық тобының, әдеби өлкетану үйірмесі, бейнелеу өнері және фотостудияларының жұмыстары. Аталған топтарға 1-сыныптан 9-сыныпқа дейінгі оқушылар кіреді.

Үйлестіруші орган – ҚМҰО (бұдан әрі - Қыздар мен ұлдардың одағы) мектеп президентінің басшылығымен. Туристік экологиялық өлкетану қызметтерінің бастапқы және орта кезеңдеріндегі іс-шараларға кіші орталықтардың тәрбиеленушілері, бастауыш және орта сыныптардың оқушылары жас және психофизиологиялық ерекшеліктеріне сай қатыса алады. Туристік экологиялық өлкетану қызметтерін тәрбиешілер, бастауыш сынып, биология, география, орыс тілі және әдебиеті, тарих, қазақ тілі мұғалімдері жүргізеді. Бұл жұмыста директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мен аға тәлімгер көп көмек көрсетеді.

Бағдарлама мұғалімдер, тәрбиешілер мен оқушылардың дайындаған әдістемелік нұсқауларымен қамтамасыз етілген.

Үйірменің бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балаларға 25 минуттан аптасына 1 рет бір сабақ ұсынады. 1-4 сынып оқушылары үшін 1 сабақ 45 минуттан аптасына 1 рет. 5-9 сынып оқушылары үшін 1 сабақ 45 минуттан аптасына 4 рет.

Мақсаты: Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, қалыптасуына әсер ететін жағдайлардың бірі туристік өлкетану қызметі, өйткені оның танымдық, тәрбиелік, сауықтырулық маңызы зор.

Бағдарламаның міндеттері: өлкетану қызметін кеңейту арқылы ұлттық сана-сезімді дамыту, азаматтық патриоттық қасиетті тәрбиелеу;

Оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын, ақпараттық білім мәдениетін қалыптастыру;

Интерактивті нысандарды пайдаланып оқушылардың рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;

Дербестігін, жеке шығармашылығын, бастамашылығын дамытуға әсер ету;

Салауатты өмір салтын ұстануға қалыптастыру;

Туризм, экология және өлкетану - кіші орталық тәрбиеленушілері мен оқушыларды үлкен өмірге дайындауда маңызды тәрбие құралы;

Туризм, экология және өлкетану қызметі көптеген жұмыс түрлері мен әдістерінен тұрады: теориялық сабақтар, жаттығулар, жорықтар, саяхат, жорықтардығы зерттеулер мен жорық туралы есептер жазу және т.б.;

Жорықтар мен саяхаттарға қатысу балалардың ой-өрісін кеңейтеді, Отанға деген сүйіспеншілігін тәрбиелейді. Жорық өмірі жасөспірімдерді жүйелі еңбекке, шыдамдылыққа, өзіне-өзі қызмет көрсетуге, бастамашылдыққа тәрбиелейді; Таза ауа, күн, су, нақты күн тәртібін сақтау балалардың денсаулығын шынықтырады; Бірлесе еңбек ету, жорықтағы бірге қуану мен уайымдау жолдастық қолдау көрсету мен көмек қолын созуға үйретеді.

Өлкетану – бұл танымдық мектеп, тарихпен және мәдениетпен тәрбиелеу, ұрпақтар сабақтастығы. Сонымен бірге бұл салауатты өмір мектебі, мақсатқа жетуге талпыну, өзін-өзі және қоршаған ортаны тану, табиғатпен сырласу.

Күтілетін нәтижелер

Өскелең ұрпақтың азаматтық ұстанымы мен патриоттық сезімін қалыптастыруға, туған өлкеге деген қызығушылықтарын арттыруға, кіші отандарына деген сүйіспеншіліктері мен жауапкершіліктерін арттыруға жағдай жасалады;

Балалар мен жасөспірімдердің уақыттарын ұтымды пайдалануына, денсаулықтарын нығайтуына, өзіне-өзі қызмет көрсетулеріне, бастамашыл және байқағыш болуларына оңтайлы жағдай жасалады.

«Туған өлке сүрлеуімен» үйірмесінің білім беру бағдарламасы (1-4 сыныптар)

№ р/с	Тақырып	Сағат саны			
		барлығы	Теория	Практика	
				Үй жайда	Жергілікті жерде
I модуль. Төменгі сынып оқушыларының өлкетану дағдыларын игеруі					
1	Кіріспе сабақ	1	1		
2	Менің туған ауылым (ауыл мұражайына бару)	9	1	2	6

3	«Менің жанұям» шежіресін жасау	4	2	2	
4	Менің ауылымдағы ескерткіштер мен мүсіндер	8	1	1	6
5	Туған өлке табиғаты туралы өлеңдер мен эсселер	2	2		
6	Туған өлке табиғаты туралы суреттер мен фотолар	7	1	2	4
II модуль. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру					
1	Кіріспе сабақ	1	1		
2	Өлкедегі экологиялық мәселемен танысу	10		4	6
3	Табиғат аясындағы мінез – құлық ережелері	8	1	5	2
4	Мектеп жанындағы жер теліміне шығу (табиғаттың маусымдық өзгеруі), бақылау	14	2	4	8
5	Экологиялық плакаттар сайысы	6	2	4	
6	Табиғи материалдардан бұйымдар жасау	8	2	4	2
7	«Құстарды тамақтандыр» экологиялық акциясы	12	2	4	6
III модуль. Спорт, туризм, демалыс					
1.	Жорықтар мен саяхаттардағы қауіпсіздік ережесімен танысу	11	1	4	6
2	Күзгі орманға саяхат (маусымдық өзгерістерді бақылау)	12	2	4	6
3	Туристік жарақтар	5	1	4	
4	Жол қапшығын салу	3	1	2	
5	Шатыр орнату	5	1	4	
6	Туристік түйіндер	6	2	4	
7	Әкем, анам, мен – туристік жанұямыз. Ата-аналардың қатысуымен кіші жорық	12	2	4	6
	Барлығы	144	28	58	58

**«Туған өлке сұрлеуімен» үйірмесінің білім беру оқу бағдарламасы
(5-9 сыныптар)**

р/с №	Тақырып	Сағат саны			
		Барлығы	Теория	Практика	
				Үй-жайда	Жергілікті жерде

I модуль. Оқушылардың өлкетанудағы дағдылары мен біліктері (68 сағат)					
1	Кіріспе сабақ	2	1		1
2	Географиялық жағдайы, шекарасы және Вагулинский ауылдық округінің құрамы (5 ауыл)	5	1	2	2
3	Ауылдың құрылуы мен қалыптасуы	5	1	2	2
4	Геологиялық даму тарихы	5	1	2	2
5	Жер бедері және пайдалы қазбалар	5	1	2	2
6	Өлкенің климаты	5	1	2	2
7	Ішкі сулар (өзендер мен көлдер)	5	1	2	2
8	Өлкенің топырағы	5	1	2	2
9	Өлкенің өсімдіктері	5	1	2	2
10	Жоғалып бара жатқан қорғауға мұқтаж өсімдіктер. Оларды анықтау	5	1	2	2
11	Жануарлар	5	1	2	2
12	Сирек кездесетін жоғалып бара жатқан жануарлар. Оларды анықтау	5	1	2	2
13	Өлкенің халқы	4	1	1	2
14	Өлкенің шаруашылығы	4	1	1	2
15	Әлеуметтік инфрақұрылымдар	4	1	1	2
16	Өлкенің экологиялық мәселесі	4	1	1	2
17	Өлкенің рекреациялық нысандары	4	1	1	2
18	Ақын жазбасы (танымал ақындар мен әуесқой ақындардың туған ауыл туралы өлеңдерімен, прозаларымен танысу)	4	1	1	2
19	«Менің жанұямдағы соғыс жаңғырығы» топтамасына мәлімет жинақтау және «Мәңгілік полк» науқаны	5	1	2	2
20	Красноярка ауылының мерейтойына мәлімет жинақтау	5	1	2	2
21	Мектеп тарихы және оның түлектері туралы мәлімет жинақтау	5	1	2	2
22	Әдемі де сәнді біздің Красноярка (туған өлке табиғаты туралы өлеңдер, эссе)	5	1	2	2

**II модуль. Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру
(34 сағат)**

1	Кіріспе сабақ	3	1		2
2	Өлкенің экологиялық мәселесін	4		2	2

	зерделеу				
3	Экологиялық мониторинг. Мектеп пен ауылдың экологиялық жағдайы	4		2	2
4	Экология туралы еңбектер жазу (ғылыми еңбектерді көркемдей білу)	4		2	2
5	«Экодесант» науқаны. Қыстайтын құстар мен жануарларды тамақтандыр (астаулар дайындау және жануарлар тамақ ішетін алаң дайындау)	4		2	2
6	Табиғи материалдардан бұйымдар жасау	4		2	2
7	Табиғат қорғау белгілерін дайындау	4		2	2
8	Экология тақырыбына үнпарақ пен плакаттардан байқау өткізу	2		2	
9	Туған өлке табиғаты туралы фотолар, слайд –шоу, бейнефильмдер дайындау	4		2	2
10	«Ағаш отырғызу» науқаны (жергілікті орман шаруашылығымен)	4		2	2
11	«Алғашқы гүл» амалы	4		2	2
12	«Таза жаға» науқаны	4		2	2

III модуль. Туристік дағдыны тәрбиелеу (34 сағат)

1	Кіріспе сабақ	1	1		
2	Қауіпсіздік техникасы туралы нұсқама	4		2	2
3	Туристік жарақтар мен аяқ киім	4		2	2
4	Туристің киімі	4		2	2
5	Жорықтағы тамақ	4		2	2
6	Алғашқы көмек көрсету	4		2	2
7	Туристік түйіндер	4		2	2
8	Туристік кедергілер	4		2	2
9	Бағдарлау	4		2	2
10	Алау түрлері	4		2	2
11	Жорықтағы міндеттерді бөлу	2			2
12	Туристік бағытын белгілеу	5	1	2	2
13	Жорықтарды дайындау, туризм бойынша эколого-туристік лагерьге нұсқаушы дайындау	12		8	4
14	Туристке қабылдау	4		2	2
15	Аудандық туристік слет өткізу	10		8	2
	Барлығы	216	25	96	95

«Туристік өлкетану жұмысының жас ұйымдастырушысы» білім беру бағдарламасы

Сарбасова З.Е., Павлодар қалалық «Балалар мен жасөспірімдердің экология және туризм орталығы» МКҚК әдістеме бөлімінің меңгерушісі.

Түсіндірме жазба

Саяхат (лат. excursio-саяхат, жол жүру) - жалғыз немесе топпен, ұжыммен мұражайларға бару, көрікті жерлерді аралау, көрмелер, кәсіпорын, т.с.с. білімдік сипатта, ғылыми, спорттық немесе көңіл көтеру мақсатында аралау. Нысандармен жол көрсетуші білікті маман таныстырады.

Мақсаты – көзқарас қалыптасыру, саяхаттарды ұйымдастыру мен өткізу барысында білім мен тәрбиені ұштастыру, қосымша білім педагогтеріне әртүрлі бағытта саяхатты дайындауға әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

Оқыту: жаңа ақпараттардың қабылдануын талдау; теориялық білімді електен өткізу және тәжірибе жүзінде бекіту.

Тәрбиелік: өздігінен ізденушілік, танымдық дағдыны қалыптастыру; Коммуникативті дағдысын дамыту.

Дамыту: өзін-өзі дамыту мен танымдық қажеттілікті қалыптастыру.

Саяхаттың міндеті мен мақсатына қарай саяхат нысандары, саяхат бағыты таңдалады, саяхаттық әңгіме мазмұны, көрнекі оқу құралын таңдау, саяхаттың әсерлі көңіл-күйі және басқа да бөліктері де соған орай үйлестіріледі. Міндеті мен мақсатын анықтап алмай тұрып, саяхатты, білім мен тәрбиені ұштастырған жан жақты шығарма, дайындау жұмысын бастауға болмайды.

Саяхаттық әдістеме, саяхат жүргізушісі мен саяхатшылардың тәжірибелік іс әрекеттерінің басын қосу арқылы саяхат нысандарын танып білуге тиімді. Саяхаттық әдістеме саяхат барысының негізі және білімді жеткізудің амалдары мен тәсілдерінің жиынтығы болып табылады. Жиынтықтың негізі, көрнекілік, екі элемент - көрсету мен әңгімелеудің ұштасуы, үш құрамдауыштың – саяхат жүргізушісі, саяхат нысаны, саяхатшының өзара үйлескен іс-әрекеті. Саяхат жүргізушісінің білімін жеткізе алуы мен саяхатшылардың оны толық қабылдауы саяхаттық әдістеменің кешенді сипаты болып табылады.

Саяхатты жіктеу, саралау саяхаттың тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді. Саяхаттың түрлері мынандай белгілеріне: мазмұнына, құрамына, өтетін орнына, қозғалыс әдісіне, өту үлгісіне қарай анықталады.

Мазмұнына қарай саяхат тақырыптық және шолу болып бөлінеді. Тақырыптық өз кезінде кіші топтарға бөлінеді: тарихи, әскери тарихи, өндірістік, табиғат танушылық, өнертанушылық, әдеби, сәулет-қала құрылысы және тағы басқа.

Құрамына қарай: ересек азаматтар, әртүрлі жастағы балалар, жергілікті тұрғындар және сырттан келушілер, шетелдік азаматтар.

Өтетін орны: қалада, қала сыртында, өндірісте, мұражайда және басқа да жерлерде.

Қозғалыс әдістеріне қарай: жаяу, автобуста, аралас.

Өткізу түріне қарай: кәдімгі саяхат, оқулық, сейілдеу саяхаты, концерт саяхат және басқа.

Күтілетін нәтижелер

Білім алушылар кәсіптік терминдерді меңгереді, саяхаттың дайындық кезеңі мен оны өткізу әдістерін білетін болады. Білім алушылар саяхатты дайындап, өткізуге дағдыланады.

Жаңа саяхатты дайындау технологиясы

Жаңа саяхатты ұйымдастыру шығармашыл топқа жүктеледі. Оның құрамы 3 адамнан 7 адамға дейін тұрады, кейбір жағдайларда, тақырыптың күрделілігіне байланысты одан да көп болады.

Жаңа саяхатты дайындау үш негізгі кезеңнен тұрады:

Алдын ала істелетін жұмыс: болашақ саяхат үшін мәліметтерді таңдап алу, жинақтау, оларды зерделеу. Сонымен бірге саяхат өтетін нысан да таңдалады.

Саяхатты тікелей дайындау үшін: саяхаттың бағытын жасау, мәліметтерді саралау, саяхат мазмұнын қарастыру, ол бірнеше негізгі сұрақтарды қамтиды, бақылау мәтінін жазу, саяхатты өткізу әдістемесімен жұмыс жасау; саяхат кезіндегі көрсету мен әңгімелеудің тиімді әдістемелік тәсілдерін таңдау; жаңа саяхаттың әдістемесін дайындау, саяхат жүргізушілердің жеке мәтіндерін жазуы.

Соңғы кезең - бағыттағы саяхатты қорғау. Саяхат өндірісі басшысының жаңа саяхатты бекітуі, бағытқа шыққанша өз мәтіндерін қорғаған саяхат жүргізушілерге рұқсат ету.

Өткізу түріне, мәтініне қарамастан барлық саяхаттың сұлбасы бірдей: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Кіріспе әдетте екі бөлімнен тұрады:

Ұйымдастыру (саяхатшылармен танысу және саяхатшыларға жолдағы, бағыттағы мінез-құлық ережесінен нұсқама беру);

Ақпараттық (мәтін туралы қысқаша хабарлама, бағыттың ұзақтығы, кететін-келетін уақыты, аялдамалардағы және бағыт соңындағы тазалық).

Негізгі бөлігі саяхат нысандарында көрсету мен әңгімелеуді қабыстырып құрылады. Саяхат нысандарының ашылуы тиіс мазмұны тақырыпқа байланысты бірнеше тақырыпшадан тұрады. Саяхат тақырыпшаларының саны 5-тен 12-ге дейін болады.

Қорытынды 5-7 минут уақытты алады және екі бөлімнен тұрады:

Саяхаттың негізгі мазмұнының қорытындысы, саяхаттың мақсатын жүзеге асыратын мәтінге байланысты түйін;

Басқа саяхаттар туралы мәтінді дамытып тереңдететін ақпараттар.

Жаңа саяхатты дайындау барысында төменде көрсетілгендей бірнеше негізгі кезенді бөліп алуға болады:

1. Саяхаттың мақсаты мен міндеттері.
2. Тақырып таңдау.
3. Әдебиет іріктеу және кітапнама (әдебиеттерді көрсеткіш) құрастыру.

4. Саяхаттық мәліметтердің дереккөзін анықтау.

5. Саяхат нысандарын іріктеу және зерделеу.

6. Саяхат бағытын жасау.

7. Бағытты айналып өту.

8. Саяхаттың бақылау мәтінін дайындау.

9. Саяхат жүргізушінің жолқапшығын толықтыру.

10. Саяхат өткізудің әдістемелік тәсілдерін анықтау.

11. Саяхат жүргізудің техникасын анықтау.

12. Әдістемелік өңдеуін құрастыру.

13. Жеке мәтін құрастыру.

14. Саяхатты қабылдау.

15. Саяхатты бекіту.

Саяхат нысандарын іріктеу және зерделеу

Саяхат нысандарын дұрыс таңдау, олардың саны, көрсетудің жүйелілігі саяхаттың сапасына әсер етеді.

Нысандар негізгі және қосымша болып бөлінеді.

Негізгі нысандарға саяхаттың тақырыбын анықтайтын нысандар жатады. Көрсету барысында тақырыпшаларға бөлінеді.

Қосымша саяхат нысандары өткен жағдайлар туралы егжей-тегжейлі әңгімемен нақты деректерді толықтырады.

Саяхат тәжірибесінде 2-3 сағаттық саяхаттық шолуда 15-30, ал тақырыптық саяхаттарда 10-15 нысандар қолданылады.

Нысан ретінде:

Қоғам мен мемлекеттің даму барысында біздің халқымыздың өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты ұмытылмайтын жерлер;

Ғимараттар мен құрылыстар, атақты тұлғалардың өмірі мен қызметіне байланысты мемориалдық ескерткіштер, сәулет және қала құрылысы туындылары, тұрғын және қоғамдық ғимараттар, өндіріс мекемелерінің ғимараттары, инженерлік құрылыстар, мәдени ғимараттар және басқа да құрылыстар.

Табиғат нысандары – орман, тоғай, саябақтар, өзендер, көлдер, қорықтар, қорықшалар, сондай-ақ жеке ағаштар, жоғалып бара жатқан өсімдіктер және басқалары;

Мемлекеттік және халықтық мұражай мен сурет көрмесі қойылымы, тұрақты және уақытша көрмелер;

Археология ескерткіштері – ескі қаланың орны, ежелгі адамдар тұрған орын, алғашқы адамдардың мекені, дуал, қорған етіп көмілген, ғибадатхана және басқа.

Өнер ескерткіштері – бейнелеу өнері шығармалары, қолөнері бұйымдары, мүсін, бау, саябақ және басқа.

Саяхат нысандары топтастырылады:

Мағынасына қарай – біржоспарлы және көпжоспарлы;

Атқарымдық белгісіне қарай – негізгі және қосымша.

Сақталу деңгейіне қарай – толық сақталған, жартылай сақталған, жойылған.

Тәжірибеде саяхатқа дайындық барысында нысандарды іріктеу, нысандардың әрқайсысына дербес карточка толтырумен аяқталады.

Карточкаға келесі мәліметтер кіргізіледі:

1) нысанның атауы (бастапқы және заманауи), сондай-ақ ескерткіштің ел ішіндегі атауы;

2) ескерткішке байланысты тарихи оқиға, оқиға уақыты;

3) нысанның орналасқан жері, оның пошталық мекенжайы, ескерткіш қай аймақта орналасқан (облыс, елді мекен және т.б.)

4) ескерткішті сипаттау (оған жақындау, оның авторы, қойылған, салынған уақыты, қандай материалдан жасалғаны, мемориалдық жазбаның мәтіні);

5) ескерткіш туралы мәліметтің дереккөзі (ескерткіш және ол жайындағы оқиға туралы қандай әдебиетте жазылған, мұрағаттық мәліметтер, ауызша айтылғандар, негізгі баспа жұмыстары және басылмаған жұмыстардың сақталған жері);

6) ескерткіштің сақталуы (ескерткіштің және ол орналасқан жердің жағдайы, соңғы өңделген уақыты);

7) Ескерткішті қорғау (кімге жүктелген);

8) қандай саяхаттарда ескерткіш қолданылады;

9) карточканың жасалған уақыты, жасаған адамның лауазымы мен тегі;

Карточкаға нысанның бұрынғы және кейінгі суреті бекітіледі.

Саяхаттың технологиялық картасы

Саяхаттың аяқталу барысында саяхаттың технологиялық картасы қорытынды құжат болып есептеледі. Мұнда саяхаттың тақырыбы, мақсаты, міндеті, бағыттың ұтымды нұсқасы, оның ұзақтығы, қашықтығы, көрсетілім нысандары, аялдама орындары, тақырыпшалар, әдістемелік және ұйымдастыру нұсқаулары ашылады.

1-кесте. Саяхаттың технологиялық картасы

Аумақтағы бағыты (кезең-кезеңмен)	Аялдама орындары	Көрсетілім нысаны	Уақыт	Ақпараттың негізгі мазмұны	Ұйымдас тыру нұсқауы	Әдістеме лік нұсқау
1	2	3	4	5	6	7

Саяхаттың технологиялық картасына кіреді:

Саяхат тақырыбы.

Ұзақтығы (сағат).

Ұзындығы (км).

Құрастырушы авторлар, автор, авторлар тобы, ұйым.

Саяхаттың мазмұны.

Саяхаттың бағыты, бағыт нұсқасы соның ішінде (қыстық және жаздық).

Технологиялық карта үш бөліктен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Кіріспе мен қорытынды саяхат бөлігі нысандарына қатысы жоқ, негізгі бөлім графикалық жазумен безендіріледі. Саяхатшылардың тақырыпқа деген қызығушылығын тудыру үшін, көрсету және әңгімелеу нысанына көңіл аударту үшін бұл жерде саяхат жүргізушілерге ақпараттық нұсқаулар беріледі.

1-бағанда «Аумақтағы бағыт» саяхатшылар тобына кошелер, даңғылдар, бульварлар, алаңдар, тас жолдар, жолдар көрсетіледі. Бірінші саяхат жүргізуші саяхатқа кірісетін жерді көрсетеді, сосын көрсетілім нысанына дейінгі жер айтылады.

2-бағанда «Аялдама орны» автобус тоқтайтын және топтардың нысанды қарау үшін шығатын нүктелері көрсетілген. Бұл бағанда автобустан шығудың қыстық және жаздық нұсқасы көрсетілген, өйткені қыс кезінде автобустан шығу азаяды.

3-бағанда «Көрсетілім нысаны» тобының жүру барысында нақты саяхат нысандары көрсетіледі (нысанның толық аты, мүсіншілер мен сәулеткерлердің тегі, аты-жөні көрсетіледі).

Көрсетілім нысаны мен саяхаттық әңгімелеуге кететін саяхаттың ұзақтығы 4-бағанда көрсетіледі. Бұл уақытта саяхатшылардың өздігінен саяхат нысанын қарауы және келесі нысанға жүретін уақыт та кіреді. Уақыт бөліктерінің қосындысы 4-бағанда көрсетіліп, саяхаттың жалпы ұзақтығын құрайды.

5-бағанда бағытқа байланысты тақырыпшалардың аттары қысқаша түсіндірмелермен «Ақпараттың негізгі мазмұнында» беріледі. Тақырыпша саяхаттың құрамдас бөлігін құрайды.

Қозғалыс тәртібіне байланысты және нысандардағы саяхатшылар тобының орналасуы, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тарихи және мәдениет ескерткіштерінің жанындағы мінез-құлық ережелері, санитариялық-гигиеналық талапқа сай табиғатты сақтауды талап ету «Ұйымдастыру нұсқаулары» деген 6-бағанда жазылады. Ұсыныстар нақты болуы керек.

7-бағанда «Әдістемелік нұсқауларда» көрсетілім мен әңгімелеуге байланысты саяхат жүргізушіге арналған маңызды нұсқаулар жазылады. Мұнда нысанның нақты бөлшектері теріліп, не нәрсеге көңіл бөлуі керектігін, саяхат жүргізушіге нысанды көрсетіп әңгімелегенде қолданылатын әдістемелік тәсілдер, саяхат жүргізуші портфеліндегі мәліметтерді қолдану барысында кеңестер беріледі.

Әдістемелік зерттемені құрастырғаннан кейін оның сапасы туралы маманның қорытындысын алу керек және оны ұйым басшысының бұйрығымен бекіту керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Азимут. Журнал Федерации спортивного ориентирования России. – М.: ФиС, 2010.
2. Алгоритм безопасности № 5, 2014.
3. Антонович И.И. Спортивное скалолазание. – М.: ФиС, 2008.
4. Аппенинский А.И. Физическая тренировка в туризме: Метод.рекомендации. – М.: ЦРИБ «Турист», 2008.
5. Асмолов А.Г. Системно-деятельностный подход к разработке стандартов нового поколения // Педагогика. – 2009. – № 4. – М., С. 18-22.
6. Бакушинский А.В. Методы и практика экскурсионного дела: Сб. статей. – М.: Новая Москва, 1925. – С.83–103
7. Бернштейн Н.А. О ловкости и ее развитии. – М.: ФиС, 2001.
8. Варламов В.Г. Физическая подготовка туристов-пешеходников: Метод.рекомендации. – М.: ЦРИБ «Турист», 2009.
9. Ведение аварийно-спасательных работ в зонах радиоактивного загрязнения и при обнаружении источника ионизирующего излучения. Практические рекомендации. Светлая Роща, 2008.
10. Воронов Ю.С. Тесты и занимательные задачи для юных ориентировщиков: Учеб.пособие. – М.: ФСО РФ, 2008.
11. Зорин И.В., Квартальнов В.А. Энциклопедия туризма. Справочник. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 368 с
12. Емельянов Б.В. «Экскурсоведение», Москва, 2003-105 с.
13. Использование эколого-краеведческого материала на уроках в начальной школе и во внеклассной работе. Методическое пособие Демьяненко Т.В. Петропавловск, 2011.
14. Ишекова Т.В. Учебное пособие – Саратов: Изд-во «Научная книга», 2006. – 40 с.
15. Календарь «Дары Берендея» (дикорастущие ягодники и грибы родного края). Иванов Е., ученик 9-го класса. Астана, 2014.
16. Краткий терминологический русско-казахский словарь по чрезвычайным ситуациям. Астана, 2006.
17. Куприянов Б. В. Нормативные основы образовательных программ в организациях дополнительного образования // Дополнительное образование детей в изменяющемся мире: доп перспективы развития востребованности, привлекательности, результативности : материалы Международной научно-практической конференции. В 2 ч. Ч. 1 / под ред. А.В. Кислякова, А.В. Щербакова. – Челябинск : ЧИППКРО, 2013. – с. 86-95.

18. Краткий терминологический русско-казахский словарь по чрезвычайным ситуациям. Астана 2006.

19. Лютерович О.Г. О дефинициях термина «туризм». В соавторстве с Сериковой Н.У. Педагогический вестник КазНПУ им. Абая. Алматы, 2005. - с.34-36.

20. Методические пособия по проведению занятий по пожарной безопасности в рамках курса «Основы безопасности жизнедеятельности» для общеобразовательных организаций и обучающихся заведений. Усть-Каменогорск, 2008.

21. Наставление по технической службе Государственной противопожарной службы Агентства Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям. Алматы, 2002.

22. Никитинский Е.С., Вуколов В.Н. Формирование индустрии туризма в Казахстане за годы государственной независимости // Агентство Республики Казахстан по туризму и спорту, Казахская академия спорта и туризма. Материалы международной научно-практической конференции. - Астана, 2013. – С. 215-220.

23. Огиенко Н.А. Туризм, как средство познания собственной цивилизации. Проблемы, пути решения. // Казахстановедение: познавательные, оценочные и прикладные проблемы. Материалы международной научно-практической конференции. - Астана, 2014. – С. 450-453.

24. Основы безопасности жизнедеятельности (учебное пособие для учителей начальных классов общеобразовательных организаций всех типов). Алматы, 2001.

25. Правила по охране труда в подразделениях противопожарной службы. Ведение аварийно-спасательных работ в зонах химического заражения. Светлая Роща, 2010.

26. Потаева Г.Р., Федорцова Т.А. Экскурсоведение: Учебно-методическое пособие. – Мн.: БГУ, 2002. - 354 с.

27. Подъем на верхние уровни зданий и сооружений с использованием альпинистского снаряжения (учебное пособие). Светлая Роща, 2008.

28. Правила и приемы работы с альпинистским оборудованием и снаряжением (учебное пособие) Светлая Роща, 2010.

29. Программа подготовки личного состава частей и гарнизонов противопожарной службы Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан. Безопасность жизнедеятельности (учебное пособие для военнослужащих всех категорий). Пожарная безопасность инженерных систем. Курс лекций. Астана 2012.

30. Рекреационные объекты Северо-Казахстанской области. Учебное пособие Дробовцев В.И. Петропавловск, 2006.

31. Сборник материалов для подготовки руководящего состава по вопросам чрезвычайных ситуаций и гражданской обороны. Алматы 2004.
32. Северо-Казахстанская область. Энциклопедия. Арыс Алматы 2004.
33. Снаряжение, применяемое в промышленном альпинизме (учебное пособие). Организация страховки и самостраховки (учебное пособие). Светлая Роща, 2010.
34. Толковый словарь русского языка: В 4 т. / Под ред. Д. Н. Ушакова. Т. 1. М., 2000. – 678 с.
35. «Учебник спасателя». С.К.Шойгу и др. Издательство «Сов. Кубань» Краснодар, 2002.
36. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений по курсу «Безопасность жизнедеятельности» книга 1 . 2 .г. Алматы, 2002.
37. Учебное пособие по начальной военной подготовке (основы медицинских знаний). Алматы, 2002.
38. Учебное пособие «Огнезащита строительных конструкций, материалов и изделий». Светлая Роща, 2009.
39. Узлы, применяемые в промышленном альпинизме (учебное пособие). Светлая Роща, 2010.
40. «36,6 градусов. Искусство оставаться в живых!» Коди Лундин.
41. Издательство «Феникс» . Ростов-на-Дону, 2005.
42. 100 представителей дикорастущей флоры Северного Казахстана и Юга Западной Сибири. Учебно-методическое пособие Яворская В.Н. Петропавловск, 2008.

Введение

В Казахстане туристско-краеведческое направление дополнительного образования рассматривается как существенная составляющая инновационного развития страны в долгосрочной перспективе.

В условиях реализации общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» и проекта «Поколение +» создание эффективной модели развития детско-юношеского туризма в стране является одной из наиболее эффективных образовательных технологий, обеспечивающих гармоничное развитие личности, формирование казахстанского патриотизма, гражданской идентичности и культуры толерантности. Концептуальные подходы к развитию детско-юношеского туризма в Республике Казахстан (далее – Концептуальные подходы) разработаны в свете решения очередных задач, поставленных Главой Государства в Посланиях народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана», «Построим будущее вместе!», «Казахстанский путь — 2050».

В Концептуальных подходах определены стратегия, цель и задачи государственной политики, принципиально важные для развития детей и молодежи, вовлечение обучающихся школ в туристско-краеведческую деятельность через походы, путешествия, экспедиции, экскурсии и клубную работу и составлены с учетом приоритетов развития внутреннего туризма. Учитывая приоритетное развитие внутреннего туризма в рамках поставленных государством задач по развитию туристской отрасли, одним из основных направлений является развитие активных видов туризма путем широкого вовлечения подрастающего поколения в этот процесс.

Дополнительное образование туристско-краеведческой направленности основывается на освоении детьми и подростками современных технологий, обеспечивающих их личностное и профессиональное самоопределение в изменяющемся мире, а также включение в созидание новых форм организации социальной жизни. Основной задачей современной организации дополнительного образования наряду с обучением является и воспитание школьников, формирование личности, способной к постоянному саморазвитию и успешной самореализации в жизни.

Туризм, как никакая другая форма воспитательной работы, позволяет эффективно решать все задачи через подлинное самоуправление и самообслуживание детей. Именно в походах создаются уникальные условия почти полной автономности жизнедеятельности коллектива детей-туристов, которые ставят

коллектив и его отдельных членов перед неизбежностью самостоятельно оценивать ситуацию, принимать решения и самостоятельно действовать. Проведение туристско-краеведческой работы на регулярной основе является мощным стимулом для роста внутреннего туризма.

В настоящее время в республике охват туристско-краеведческим направлением составляет 2,8% от общего количества школьников. Туристско-краеведческую образовательную деятельность осуществляют 35 станций и центров юных туристов, в них занимаются 19 532 школьника. В туристско-краеведческих кружках и объединениях общеобразовательных школ – 40 448 школьников, во дворцах, центрах творчества детей занимаются 18 094 школьника в возрасте от 7 до 17 лет.

Для популяризации туристско-краеведческой деятельности (далее - ТКД) проводятся районные, областные и республиканские соревнования, слеты и конкурсы туристско-краеведческой направленности. Проведение таких мероприятий способствует развитию творческих способностей, формированию устойчивых интересов и ранней профессиональной направленности детей и подростков.

В рамках туристско-краеведческой экспедиции школьников «Менің Отаным – Қазақстан» ежегодно проводятся десятки пеших, лыжных, водных, велосипедных походов, экспедиций и экскурсий по самым различным маршрутам, в которых участвуют тысячи юных туристов и их взрослых наставников. Проводятся разнообразные соревнования, турниры, слеты и прочие акции в сфере спортивного, краеведческого, оздоровительного туризма, экологии, геологии.

